пәнін жаңа бағытта өткізуге, стандартты емес құрал-жабдықтар мен алаңдарды пайдалану, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарды, түрлі деңгейдегі спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға арналған еңбектері мен озық тәжірибелері қарастырылады. Ал, елімізде 2012 жылдан бастап шығатын «Мектептегі дене шынықтыру» журналының мазмұнында мұғалімдердің спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастыру мен күнделікті сабақ жоспарлары бағытындағы материалдармен ғана шектеледі. Ал, дене тәрбиесі сабағын ауылдық елді-мекендерде өткізудің жаңаша әдістемесі, шағын жинақты мектептердің өзекті мәселелері, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша зерттеуші, шебер санатындағы ұстаздардың тәжірибелері, мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік қолдау көрсету бойынша тың материалдар қарастырылмаған. Сонымен қатар, дене мәдениеті мен спорт саласындағы шығып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының, журналдардың мазмұнында терминдердің қолданылуы талапқа сай еместігі де назар аудартады [4, б. 262; 5, б. 126].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап ҚР БҒМ тарапынан жалпы білім беретін мектептерге арнап «Дене тәрбиесі» оқулықтарын баспадан шығару ісі қолға алынып, әр сыныптар бойынша оқулықтар жазу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілгені белгілі. Бұл жұмысты жүзеге асырып, ұйымдастыруда А.Қ. Құлназаров, Ю.Ғ. Телеуғалиев, Б. Төтенайұлы, С.І. Қасымбекова, Д. Мырзамед, М. Тұрыскелдина, С. Тайжанов сынды ғалымдар мен білікті әдіскерлердің оқулықтарын атап өтуге болады. Бұл авторлардың оқулықтары ҚР БҒМ-нің тапсырысымен 2000-2012 жылдары баспадан шыққандығын ескерсек, одан кейінгі 2017 жылдан бастап еліміздегі орта білім беру жүйесіне жаңартылған оқу бағдарламасының енгізілуіне байланысты дене тәрбиесіне арналған ешқандай оқулық талапқа сай жаңартылып, баспадан шықпаған. Бұл еліміз бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілмегендіктен мұғалімдер дәстүрлі білім беру бағдарламасына негізделген оқулықтармен жұмыс жасап жатқандығын көрсетеді.

Мектептегі «Дене тәрбиесі» пәні бойынша барлық сыныпқа арналған оқулықтар жарық көргенімен, уақыт өте келе олардың мазмұны мен сапасына өзгерістер мен жаңа әдістерді (материалдарды) енгізу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі орта білім беру жүйесінде пайдаланылып жүрген бұл оқулықтардың мазмұнында оқушылардың дене дамуын жеке ерекшеліктеріне қарай жоспарлап, әрбір оқушының деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар мен жаттығулар қамтылмаған.

Дене тәрбиесі пәні - ақпараттық емес, қимыл-қозғалысқа, дене жаттығуларын орындауға бағытталуы тиіс. Қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасы мен қолданыстағы оқулықтар дене тәрбиесін өткізуге қойылатын талаптарға толық жауап бере алмайды.

Сондықтан дене тәрбиесі пәнінен оқушылар күнделікті сабаққа қатысуы, сабақтағы белсенділігі, дене жаттығуларын меңгеруі, жаттығуларды орындау сапасының бағаланбауы және оқулықтарды жетілдіру мүмкіндіктері осы зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты. Жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі пәніне арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жетілдіру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Мектептегі дене тәрбиесі пәніне арналған оқулықтарға талдау жүргізу;
2. Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнымен танысып, ұсыныстар беру;

3. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарындағы терминологиялық, текстологиялық, аудармашылық, бағдарламалық тұрғыдан түзетуді қажет ететін тұстарын анықтау.

Материалдар мен әдістер. Мақалада жалпы білім беретін мектептерге арналған «Дене тәрбиесі» оқулықтары мен оқу бағдарламасының мазмұнына, олардың қандай теориялық және практикалық материалдарды қамтитындығына талдау жасалды. Әр сыныпта тоқсан бойынша оқушылардың қандай тақырыптарды меңгеретіндігі, оқушылардың қандай дене қасиеттерін дамытатындығын анықтау да әдістемелік тұрғыдан қарастырылады. Осы мәселелерді жүзеге асырудың негізгі зерттеу әдістері ретінде эмпирикалық ізденістер - бақылау, талдау, салыстыру және жинақтау жасалды. Осы тармақтарға сәйкес дене тәрбиесіне арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларының мазмұнымен танысу, ҚР БҒМ-нің 2000-2012 жылдары мемлекеттік тапсырыспен ұсынған оқулықтардың мазмұнын талдау және салыстыру, оқулықтарда қамтылған материалдарды саралау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Түркістан мен Шымкент қалалары бойынша 25 жалпы білім беретін мектептердегі 180 дене тәрбиесі мұғаліміне жаңартылған оқу бағдарламасы аясында сауалнама жүргізіліп, нәтижелеріне математикалық өңдеу жасалды. 180 дене тәрбиесі мұғалімі туралы мәліметтер 1-кестеде беріледі.

1 кесте - Түркістан мен Шымкент қалалары бойынша жалпы білім беретін мектептердегі сауалнама жүргізілген дене тәрбиесі мұғалімдері туралы мәліметтер, n=180

Мұғалімдердің еңбек өтілі (саны)					Мұғалімдердің біліктілік санаты (саны)				
1-5 жыл	6-10 жыл	10-15 жыл	15-20 жыл	20 жылдан жоғары	шебер	Зерттеуші	сарапшы	модератор	санаты жоқ мұғалім
32	59	23	36	30	7	18	43	90	22

Осы мұғалімдердің ішінде:
 ҚР Құрметті спорт қызметкері - 1;
 ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері - 1;
 «Дене мәдениеті мен спортты дамытуға қосқан еңбегі үшін» Құрмет белгісі иегері - 1;
 Спорт түрлері бойынша ҚР Ұлттық дәрежедегі төреші - 4.
 Спорт түрлері бойынша ҚР Халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері - 3;
 Спорт түрлері бойынша ҚР спорт шеберлері - 9;
 Спорт түрлері бойынша ҚР спорт шеберлігіне үміткерлер - 17.

Нәтижелер. Жоғарыда аталған авторлардың шығарған оқулықтарындағы барлық материалдар дәстүрлі оқу бағдарламасына негізделіп жасалған, сонымен қатар, әр сынып бойынша оқу тоқсандарында өтілетін спорт түрлері мен жаттығулар, олардың

орындалу әдістері, нормативтер, негізгі ережелер мен талаптар ғана қамтылған. Ал, оқулық мазмұнында әрбір жаттығудың орындалу әдістемесі, қателіктерді түзетудің әдістемелік нұсқаулығы міндетті түрде қамтылуы керек. Сондықтан жаңартылған оқу

бағдарламасы бойынша дайындалатын оқулықтардың мазмұнында республика мектептерінің аймақтық, базалық, ерекшеліктері (жүзу, гимнастика, шаңғы сабақтарын өткізуде) назарға алынып, сабақты жоспарлауда (жылдық, тоқсандық, күндік) жаңа бағдарламаның оңтайлы жолдарын белгілеп, дене тәрбиесі сабағының «тығыздығын» және «жүктемесін» (хронометраж, пульсометрия) анықтайтын тиімді тәсілдерді де қарастырып, дәрігерлік және дайындық, арнайы топқа жататын оқушылармен жүргізілетін сабақ жүйесі мен дифференциалды жүктемелерді де ескеру қажет.

Дене тәрбиесі сабағын жаңа форматта, жаңа бағдарлама негізінде жүргізіп, ұйымдастыру - уақыт талабы және өмір қажеттілігі. Бұл салада да прогресс болуы керек. Ол үшін жаңашыл, ізденуші ұстаздар мен ғалымдардың, әдіскерлердің жаңа талапқа сай тұжырымдарын зерделеп, жүйелеу қажеттілігін атап өтуіміз қажет. Осы тұрғыда мектептегі дене тәрбиесінің жүргізіліп-ұйымдастырылуына профессор Ж. Егізбаев: «Республика мектептеріндегі үздік мұғалімдердің озық тәжірибелерін оқулықтар, бейнетаспалар, күнтізбелер, плакаттар, телехабарлар арқылы көпшілікке насихаттап, ұсынылуы тиіс. Спорт тақырыбына арналған отандық және шетелдік озық дене тәрбиесі сабақтары мен оқу-әдістемелік және тақырыптық кинофильмдер түсіріліп, мектептерге оқу-әдістемелік құрал ретінде тарату қажет», - деп, өзіндік ой-тұжырымын білдіреді [6, б. 167].

Қазіргі кезде мектептегі дене тәрбиесі сабағын жүргізетін мұғалімдердің басым бөлігі бұрынғы дәстүрлі білім негізінде білім алған. Олар қысқа мерзімді (72-80 сағаттық) біліктілік арттыру курстары мен тренингтерден өткенімен жаңа бағдарламаны тез, толыққанды меңгере алмай жатқандығы айындалып отыр. Демек, болашақ ұстаздардың жаңа оқу бағдарламасын меңгеретіндей етіп дайындауда жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларына да өзгерістер керек. Қазіргі таңда ЖОО-да болашақ ұстаздар бұрынғы оқу стандарттарымен білім алуда [7, б. 54]. Бұл мәселені өзектендіру бағытында кезінде ЖОО-ғы дене мәдениеті және спорт саласының ғалымдары тарапынан ҚР БҒМ-не қолдау хат жолданғанымен министрлік тарапынан нәтижелі жұмыстар жүргізілмеді. Бүгінгі таңда мектеп пен ЖОО-ры арасындағы білім беру бағдарламаларында алшақтық басым. Өйткені, академиялық еркіндік аясында әрбір ЖОО-на таңдау пәндеріне еркіндік берілген. Ал, міндетті пәндер қатарында әрбір сала бойынша жаңартылған оқу бағдарламасына бағытталған пәндер мен оқыту нәтижелерін меңгеру қарастырылмаған.

Жаңартылған оқу бағдарламасына негізделген оқулықтың негізгі мазмұны, мақсаты оқушылардың

дене тәрбиесіне, спортқа қызығушылығы мен белсенділігін дамытып, жетілдіруге бағытталған болуы керек. Ал, сабаққа ақпараттандыру жүйесін енгізуде аталған тақырыптар белгілі бір деңгейде бейтараптанып қалатыны байқалады. Сондай-ақ, қазіргі мектептердегі жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша өткізіліп жатқан дене тәрбиесі пәнінің оқу бағдарламасындағы ұзақ, орта, қысқа мерзімді жоспарларында терминологиялық, текстологиялық, аудармашылық, бағдарламалық тұрғыдан түзетуді қажет ететін тұстарына да назар аударуды қажет етеді. Өйткені, дене мәдениеті мен спорт саласында қолданылып жүрген терминдердің дұрыс қолданылуы бағытында зерттеулер жүргізіп, он ұсыныстарын білдіріп жүрген Е.Қ. Уанбаев оқулықтар мен оқу бағдарламаларында «Дене шынықтыру» терминін «Дене мәдениеті», «Дене тәрбиесі» терминдерінің орнына дұрыс қолданбай шатастырып, адасып бара жатқандығымызды атап өтеді [8, б. 22]. Бұл да өз кезегінде өте өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Талқылау. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан конкурстық негізде мектеп бағдарламасында өтетін пәндер бойынша оқулық жазу ісі жолға қойылып, оған Назарбаев зияткерлік мектептерінің мамандары да қатысып келеді. Ал, дене тәрбиесі бойынша жетекші мамандар мен үздік әдіскерлерден арнайы топ құрылып, оқулықтың мазмұны мен тақырыптары талқыланып, нәтижелі жұмыстар жүргізілмеді. Бұл өз кезегінде дене тәрбиесі пәнінің сапасына кері әсерін тигізуде. Біз мектептегі жаңартылған оқу бағдарламасына негізделген дене тәрбиесінің бағдарламасын талдау барысында сабақты ақпараттандыруға басымдық берілгенін аңғардық. Дене тәрбиесі сабағы қимыл-қозғалыс әрекеттерінен тұратынын ескерсек, сабақтың тәрбиелік, сауықтырушылық бағыттарына кері әсер ететіні назарға алынбаған. Атап көрсететін болсақ:

1) 7 сыныпқа арналған дене тәрбиесінің күнтізбелік тақырыптық жоспарындағы әрбір тоқсанда өмір қауіпсіздік негіздері бойынша 14 тақырып (дәрістік) берілген (1-4 тоқсанда - 7 сағат, 2-3 тоқсанда - 7 сағат);

2) қысқа мерзімді жоспарда әрбір тақырып бойынша жеке-жеке сабақ мақсаттары берілген. Сабақ мақсаты сабақтың тақырыбына сай бір рет қойылса жеткілікті;

3) әрбір сабақ топтарға бөлініп өткізілгендіктен сабақтың жалпы және нақты тығыздығын анықтауға мүмкіндік қарастырылмаған;

4) жаңартылған бағдарламада оқушылардың білімін бағалау тек теориялық білімге ғана емес,

сонымен қатар, практикалық дағдыларға негізделген. Бұл бағалау жүйесі оқушылар мен мұғалімдер үшін қиындықтар туғызады, өйткені, дене тәрбиесінде білімді бағалау объективті түрде қиын. Қазіргі бағдарлама бойынша оқушылардың дене дайындық деңгейін, тақырып материалдарын меңгеруін бағалау «смайликтер» арқылы бағаланады. Ал, дене тәрбиесінде бағалау - нормативтерді, сынақтарды, жаттығуларды орындау деңгейіне байланысты нақты қойылуы керек;

5) жаңартылған бағдарлама мұғалімдерден жоғары кәсіби дайындықты талап етеді. Дене тәрбиесі пәні бойынша мұғалімдер тек практикалық білім ғана емес, сонымен қатар, педагогикалық және психологиялық

білімді де меңгеруі тиіс. Бұл өз кезегінде қосымша оқыту мен курстарды талап етеді;

6) бағдарламада ұсынылған материалдарды толық меңгеру үшін әр мектепте дене тәрбиесі үшін қажетті спорттық құрал-жабдықтар мен жағдайлар бірдей емес. Бұл жаңартылған бағдарламаға сәйкес оқу үдерісінің сапасына әсер етеді;

7) жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша барлық сыныптың күнтізбелік тақырыптық жоспарларында терминологиялық, текстологиялық, аудармашылық, бағдарламалық тұрғыдан түзетуді қажет ететін тұстары өте көп. Мұны біз «Ұсынғаны», «Дұрысы» деп қарастырып 2-кестеде арнайы көрсеттік.

2-кесте – 7-сыныпқа арналған дене тәрбиесі сабағының жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарындағы терминологиялық, текстологиялық, аудармашылық, бағдарламалық тұрғыдан түзетуді қажет ететін тұстары

Сабақ №	Тақырып Дұрысы: Сабақ түрлері мен тақырыптары	Сағат саны	Өткізілетін күні, айы, жылы	Оқу мақсаттары (күтілетін нәтиже) Дұрысы: Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже (білім беру, сауықтыру, тәрбиелік бағытта)	Қолданылатын оқу құралдары
1	2	3		4	5
I тоқсан (16 сағат)					
1-тарау: Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту және жетілдіру (вариативті сабақ 4 сағат)					
1-2	Ұсынғаны: Сабақтағы қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру	2		Ұсынғаны: Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезіндегі болуы мүмкін қауіп қатерлерді анықтай білу. Дұрысы: Әр спорт түрлеріне бейім, ықтимал жарақат түрлерінен мағлұмат беру. Гигиеналық, тарихи теориялық мәлімет ұсыну.	
3-4	Ұсынғаны: Орта және алыс қашықтыққа жүгіру. Дұрысы: 100, 800, 1000 метрге жүгіру	2		Ұсынғаны: Түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энергетикалық жүйемен байланысын ішкі және сыртқы белгілері бойынша анықтау. Дұрысы: Әр түрлі дене жаттығуларын орындау барысында олардың ағзаға тигізетін әсерін меңгеру, білу.	
5-6	Ұсынғаны: Секіру және оның түрлері. Дұрысы: Секіру және оның түрлерін көрсету.	2		Ұсынғаны: Қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір дене жаттығуларындағы реттілігін жетілдіру мен қорытындылау. Дұрысы: Дене жаттығуларын орындау реттілігін қозғалыс әрекеттеріне қарай белгілей алу.	
7-8	Ұсынғаны: Өртүрлі снарядтарды лақтырулар және серпулер.	2		Ұсынғаны: Кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және икемділікті дамытуға арналған қимыл қозғалыс дағдыларын жетілдіру.	

	Дұрысы: Өртүрлі снарядтарды лақтырулар және серпулердің дайындалу тәсілдері.			Дұрысы: Жаттығулар техникасының дәлдігін, икемділік қабілетін дамытуға арналған арнайы дағдыларын жетілдіре түсу.	
9-10	Ұсынғаны: Эстафеталық жүгіруді түрлендіру. Дұрысы: Эстафеталық жүгіру.	2		Ұсынғаны: Басқа адамдардың дене жаттығуларының тәжірибелерін байытуға арналған дағдыларды анықтай білу. Дұрысы: Үздік мамандардың озық тәжірибелерін қолдана білу.	
2-тарау: Командалық спорт ойындары арқылы өзара әрекеттестік					
11- 12	Ұсынғаны: Ойын техникасын жақсарту. Дұрысы: Ойын техникасын дамыту.	2		Ұсынғаны: Кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және икемділікті дамытуға арналған қимыл қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Дұрысы: Жаттығулар техникалары мен қозғалыс дәлдігін бақылай отырып, икемділік қабілетін одан әрі жетілдіріп дамыту.	
13- 14	Ұсынғаны: Спорт ойындарындағы тактикалық іс- әрекеттер.	2		Ұсынғаны: Қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір дене жаттығуларындағы реттілігін жетілдіру мен қорытындылау. Дұрысы: Ойын комбинацияларын меңгеруде арнайы жаттығулар техникасын реттілігімен жетілдіре түсу.	
15- 16	Ұсынғаны: Көшбасшылық дағдылар және командада жұмыс істеу дағдылары. Дұрысы: Командада көшбасшының жұмыс істеу қабілетін шыңдау.	2		Ұсынғаны: Көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді талқылау және көрсете білу. Дұрысы: Ойын барысында көшбасшылық белсенділік пен іс- қимыл қабілетті меңгеруді қалыптастыру.	

Дене тәрбиесі пәні мектеп оқушыларының денсаулығын нығайту, дене дамуын арттыру және салауатты өмір салтына баулу мақсатында маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Алайда, қазіргі кезде

осы пән бойынша ҚР БҒМ ұсынған қолданыстағы оқулықтардың (3-кестеде көрсетілген) сапасы мен мазмұнын жетілдіру, оның тиімділігін арттыру бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

3 кесте - «Дене тәрбиесі» пәні бойынша мектептерде қолданыста жүрген оқулық, оқу, оқу-әдістемелік құралдары

№	Атауы	Авторлар	Шыққан жылы	Сынып	Көлемі
1	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Тайжанов С.	2000	6	72
2	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Тайжанов С.	2000	7	40
3	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Тайжанов С.	2000	8	158
4	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Тайжанов С.	2000	9	156
5	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І.	2012	5	92
6	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І.	2012	8	176

7	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І.	2012	6	160
8	Дене тәрбиесі	Төтенаев Б.	1988		112
9	Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі	Төтенаев Б.	1994	1-4	64
10	Дене тәрбиесі	Төтенаев Б.	2001	4	160
11	Дене тәрбиесі	Төтенаев Б.	2004	4	112
12	Дене тәрбиесі	Төтенаев Б.	2012	4	160
13	Дене тәрбиесі	Тұрыскелдина М.	1984	1	104
14	Дене тәрбиесі	Тұрыскелдина М.	2002	2	112
15	Дене тәрбиесі	Тұрыскелдина М.	2003	3	112
16	Дене тәрбиесі	Тілеуғалиев Ю.	2003	1	103
17	Дене тәрбиесі	Тілеуғалиев Ю.	2003	7	128
18	Дене тәрбиесі	Тілеуғалиев Ю.	2003	2	144
19	Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу	Тайжанов С.	2004	8	96
20	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І.	2005	7	80
21	Физическое воспитание	Тайжанов С., Қасымбекова С.І.	2004	8	125
22	Қазақтың ұлттық ойындары	Тайжанов С., Қасымбекова С.І.	2004	1-4	116
23	Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі	Құлназаров А.Қ., Тайжанов С.	2004	1-4	128
24	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І.	2003	7	40
25	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Мырзамед Д.	2002	6	72
26	Дене тәрбиесі	Тайжанов С., Құлназаров А.Қ.	2002	6	160
27	Дене тәрбиесі	Төтенай Б.	2008	10	160
28	Дене тәрбиесі	Тілеуғалиев Ю.	2003	11	128
29	Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі	Мұхамеджанова Ұ.Ж.	2007	1-4	192
30	Дене тәрбиесі	Құлназаров А.Қ., Тайжанов С.	2004	6	80
31	Дене тәрбиесі	Тайжанов С., Құлназаров А.Қ., Қасымбекова С.І.	2002	11	112
32	Дене тәрбиесі	Төтенай Б., Тайжанов С.	2001	5	160
33	Дене тәрбиесі	Қасымбекова С.І., Герасименко В.	2005	9	112

Кестеден көріп отырғанымыздай Б. Төтенаев пен М. Тұрыскелдина тәуелсіздік алғанға дейін мектепке арналған 2 оқулық шығарса, тәуелсіздік алғаннан кейін ҚР БҒМ-нің тапсырысымен мектептегі дене тәрбиесіне 30 дан астам оқулықтар мен оқу, оқу-әдістемелік құралдарын шығаруда қарқынды жұмыстар жүргізілген. Бұл сол кезеңде мектептегі дене тәрбиесін жетілдіру және мұғалімдерге әдістемелік

көмек беруде өте құнды оқулықтар болып саналды. Ал, қазіргі таңда еліміздегі орта білім беру жүйесін жаңа форматта өткізуге реформалар енгізілгенімен дене тәрбиесіне қатысты көптеген олқылықтар орын алуда. Бұл олқылықтарды анықтау, себеп-салдарын талқылау мақсатында Түркістан және Шымкент қалаларындағы 25 мектептің 180 дене тәрбиесі мұғаліміне сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары 4-кестеде беріледі.


4 кесте - Түркістан мен Шымкент қалаларындағы жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдеріне жүргізілген сауалнама сұрақтары

№	Сұрақтар
1	Жаңартылған оқу бағдарламасында дене тәрбиесі пәні бойынша білім беру мазмұнының өзектілігі мен жаңалығы қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?
2	Оқу бағдарламасында дене тәрбиесі сабағының тығыздығын және сабақ жүктемесін анықтау әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік бар ма?
3	Жаңартылған бағдарлама мұғалімдердің кәсіби дамуына оң әсер етті ме? Әлде бағдарламаның мазмұны тым күрделі әрі түсініксіз болып көрінеді ме?
4	Оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін қажетті материалдық ресурстар (жабдықтар, спорттық құрал-жабдықтар) жеткілікті ме?
5	Жаңартылған бағдарламаның бағалау әдістері сіз үшін тым күрделі болды ма?
6	Жаңартылған бағдарламаны жақсарту үшін қандай ұсыныстарыңыз бар? Негізгі қиындықтар мен олардың шешімдері туралы қысқаша жазып беріңіз?

Сауалнама сұрақтарына қатысқан 180 дене тәрбиесі мұғалімдерінің 97%-ы жаңартылған оқу бағдарламасының ұзақ және орта мерзімді жоспарларындағы тақырыптардың мазмұны түсініксіз, тым күрделі екендігін, тақырыптар бойынша сабақ мақсатын қоюда да қиындықтар туындайтынын, жоспардағы сөйлемдердің, терминдердің дұрыс құрылмағанын, жаңа бағдарлама бойынша сабақтарды топтық әдіспен өткізуге басымдық берілгеннен кейін сабақ тығыздығын анықтауға мүмкіндік болмайтындығын, оқушылардың бағдарлама материалдарын қаншалықты игергендігіне, дене дайындық көрсеткіштеріне, дене жаттығуларын меңгеру деңгейіне бағалау жүргізілмейтінін, дене тәрбиесінің негізі бұрыннан бері белгілі және бұл пәннің басты мақсаты - оқушылардың дене дамуымен қатар, олардың денсаулығын нығайту. Ал, жаңартылған бағдарлама тек теориялық аспектілерді күшейтіп, практикалық сабақтардың мәнін төмендетеді және оқушылардың дене тәрбиесіне

қатысты қажетті дағдыларын қалыптастыру үшін бұрынғы әдіс-тәсілдер жеткілікті екендігін, сондықтан оқушылардың дене тәрбиесі сабағына қызығушылығының төмендегенін атап көрсеткен. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламасын толық меңгерген әдіскерлердің аздығын, біліктілік арттыру курстарында дәріс өткізген әдіскерлердің мұғалімдер тарапынан қойылған сұрақтарына толыққанды жауап бере алмайтындығын, қысқа мерзімді жоспардың тым күрделі екендігін, мұғалімдер қысқа мерзімді жоспардың тақырыптарын өзгертіп, бір-бірінен көшірме жасау белең алғанын да басты мәселе ретінде көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан 6 (3,3 %) мұғалім сауалнама сұрақтарына толыққанды жауап бермегендіктен олардың жауаптарын есепке алмадық.

Ал, 174 мұғалімнің дене тәрбиесі бойынша жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру бағытындағы ұсыныстарын талдау нәтижелері 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Түркістан және Шымкент қалалары бойынша сауалнамаға қатысқан дене тәрбиесі мұғалімдерінің жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру бағытындағы талдау нәтижелері

Дене тәрбиесі мұғалімдерінің жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру бағытындағы ұсыныстарына жүргізілген талдаудың нәтижесі келесідей мазмұнды (бағыттарды) қамтыды:

- 23 (13,2 %) мұғалім - мектептегі дене тәрбиесі мұғалімдері жаңартылған оқу бағдарламасын толыққанды түсінбегендіктен, ЖОО-да дәстүрлі бағдарламамен алған білімдерімен сабақ өткізіп жатқандығын, бұл өз кезегінде басшылық пен мұғалімдер арасында түсінбеушілікке алып келетіндігін атап көрсетеді;

- 21 (12,0 %) мұғалім - мектептегі дене тәрбиесінен басқа барлық пәндер жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілгендігін, дене тәрбиесі пәніне арналған жаңа мазмұндағы оқулықтардың тапшылығы мұғалімдердің сабақты сапалы өткізуге кері әсерін тигізіп жатқандығын өте өзекті мәселе ретінде көрсетеді;

- 20 (11,5 %) мұғалім - дене тәрбиесі сабағын жаңа мазмұнда, жаңаша әдістерді пайдаланып өткізу қажет деп көрсеткен. Бірақ бағдарламаны батыс елдерінен көшіріп алмай, еліміздегі мектептердің материалдық-техникалық жағдайын, мұғалімдердің әлеуетін ескеріп, дене мәдениеті мен спорт саласының жетекші әдіскерлері мен мамандарынан, әр өңірдің үздік дене тәрбиесі мұғалімдерінен құралған арнайы топ құрып, әбден талдап, пісіріп, жетілдіріп барып, әр өңірде көшпелі семинарлар өткізіп, дене тәрбиесі мұғалімдеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізілуі керектігін. Содан кейін барып тәжірибеге ендіру қажеттілігін атап өтеді;

- 19 (10,9 %) мұғалім - ЖОО-ғы «Дене мәдениеті және спорт» білім беру бағдарламалары мен мектептердегі жаңартылған бағдарламаның арасында алшақтықтың басымдығын, ЖОО-дағы негізгі пәндердің оқыту нәтижелері мектептегі жаңартылған бағдарламаны меңгеруге бағыттылауы қажет деп көрсетеді;

- 16 (9,2 %) мұғалім - дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби даму курстарын ұйымдастырып, жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіруді ұсынады. Курстарды ұйымдастырғанда тек теориялық бағытта емес, өңірдегі үздік мұғалімдердің сабақтарына қатысып, оны жан-жақты талдау жұмыстарын өткізу өз нәтижесін береді деп атап көрсетеді;

- 14 (8,0 %) мұғалім - жастар арасында қызығушылық тудыратын, заманауи спорт түрлері мен жаңа жаттығуларды оқу бағдарламасына қосу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға баса мән беру керектігін атап өтеді;

- 13 (7,5 %) мұғалім - біліктілік арттыру курстарын өткізетін әдіскерлердің теориялық және практикалық білім деңгейіне де талаптың

жоғары болу қажеттілігін атап көрсетеді. Өйткені, көпшілік мұғалімдер курс өткізетін әдіскерлердің білім деңгейінің төмендігін, материалдарды толық меңгермегендігін, сырттай бөлімді (қашықтан) бітіргендер де әдіскерлік қызмет атқаратындығын, олардың жаңартылған бағдарламадан тыс, дәстүрлі бағдарламаны да толыққанды меңгергендігіне сенімсіздікпен қарайтындықтарын атап көрсеткен;

- 11 (6,3 %) мұғалім - дене тәрбиесі пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасын жетілдіру үшін: 1) бағдарламада оқушылардың дене дамуы мен денсаулықтарын нығайту мәселелері терең қарастырылғанымен, оқушылардың психологиялық және эмоционалдық дамуына қажетті уақыт пен ресурстар аз бөлінгендігін; 2) жаттығулар мен сабақтардың мазмұны әртүрлі деңгейдегі оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделмеген, бұл жалпы оқыту сапасына теріс әсер ететіндігін; 3) мұғалімдердің кәсіби даму мүмкіндіктері жеткіліксіз, бұл оқу үдерісінің тиімділігіне кедергі келтіретіндігін. Бағдарламада осы кемшіліктерді түзету ескерілсе білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігіне сенім білдіреді;

- 11 (6,3 %) мұғалім - оқушылардың ұялы телефонға тәуелділігі артқан сайын мінез-құлықтарында өзгеріс көп, сондықтан балалардың психологиялық және эмоционалдық жағдайын жақсарту мақсатында дене тәрбиесі сабағына релаксация мен стресске қарсы жаттығулар мен ойындар енгізу керек деп санайды;

- 10 (5,5 %) мұғалім - дене тәрбиесінің маңыздылығын ата-аналарға түсіндіру үшін мектепте ата-аналарға арналған арнайы семинарлар мен тренингтер өткізілсе, ата-аналар мен мұғалімдер арасында өзара ынтымақтастық орнайтынын, ол өз кезегінде оқушылардың дене тәрбиесіне белсенді қатысуларына ықпал етеді деп көрсетеді;

- 9 (5,1 %) мұғалім - әр оқушының дене қабілеті мен қызығушылықтарына қарай жеке бағдарлама құру қажет. Бұл оқушылардың дене дамуын тиімді түрде қадағалауға мүмкіндік беретіндігіне сенімділік білдіреді;

- 8 (4,5 %) мұғалім - бағдарламаға теориялық бөлімдерден гөрі, нақты дене жаттығуларын көбірек енгізу керек, себебі, оқушылар тек теориялық біліммен емес, практикалық дағдылармен де қарулануы тиіс деп көрсетеді.

Мектептегі дене тәрбиесі пәнін жетілдіру – ұзақ мерзімді әрі кешенді үдерісті талап ететіндігін ескерсек, мектептегі дене тәрбиесі мұғалімдерінен сауалнама арқылы алынған жауаптары мен ауызша жүргізілген сұхбат барысындағы ой-пікірлеріне мұқият талдау жасап, саралайтын болсақ, қазіргі таңда мектептердегі дене тәрбиесі пәнінің сапасы

төменгі деңгейде екендігіне көз жеткіземіз. Бұл бір мектептің емес, 25 мектептің мұғалімдерінің барлығы дене тәрбиесі пәніне арналған жаңартылған бағдарлама мазмұнының өзектілігі мен жаңалығының маңыздылығы сын көтермейтіндігін, оқушылар мен мұғалімдерге тың серпін бермегендігін, кемшілік тұстарының көп екендігін атап көрсеткендіктен бұл мәселеге немқұрайлы қарамау қажеттілігін ұғындырады. Бұл мәселе еліміздегі барлық жалпы білім беретін мектептердегі мұғалімдердің көз алдында күнделікті болып жатқан үдеріс болғандықтан, олар мәселенің өзекті екендігін қаншама рет көтергенімен, қолдау болмайтындығын сезініп, сабақты бірсарынды (монотонды) өткізуге әбден машықтанып алғандығын аңғаруымызға болады.

Қорытынды. Мектептегі дене тәрбиесі пәніне қатысты қордаланған мәселелерді талқылаудағы басты мақсатымыз - жаңартылған оқу бағдарламасы мен оқулықтарын жетілдірудің қажетті тұстарын анықтап, оларды құзыретті органдарға жеткізу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер орындалды:

Зерттеу барысында мектепте қолданылып жүрген дене тәрбиесі пәніне арналған оқулықтарға жан-жақты талдау жасалды. Оқулықтардың мазмұны, құрылымы және оқу материалдарының тиімділігі бойынша әртүрлі аспектілер қарастырылып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және тиімді оқытуға бағытталған ұсыныстар жасалды. Сондай-ақ, қазіргі уақыттағы педагогикалық талаптарға сәйкес оқулықтардың жаңартылуы қажеттілігі атап өтілді.

Жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы егжей-тегжейлі талданып, оның дене тәрбиесі пәнін оқытудағы рөлі айқындалды. Жаңартылған бағдарламаның қазіргі талаптарға сәйкестігіне және оқушылардың дене дамуы деңгейін ескеру тұрғысынан бірнеше ұсыныстар енгізілді. Жаңартылған бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында оның әдістемелік және теориялық жақтарын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

Жаңартылған оқу бағдарламасында кездесетін терминологиялық, текстологиялық және аудармашылық қателер талданды. Олардың арасында ғылыми терминдер мен ұғымдардың дұрыс қолданылмауы, кейбір терминдердің дұрыс аударылмауы және мәтіндерде түсініксіз жерлердің болуы сияқты мәселелер анықталды. Бұл мәселелер бойынша нақты түзетулер енгізіліп, бағдарламаның сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Зерттеу барысында аталған міндеттердің барлығы орындалып, дене тәрбиесі пәніне арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жетілдіруге

бағытталған маңызды тұжырымдар жасалды. Бұл ұсыныстар жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі пәнінің оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың дене дамуы деңгейін көтеруге ықпал ететіні сөзсіз. Жоғарыда аталған мәселелерді саралай келе, дене тәрбиесіне арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жетілдіру бағытында келесі маңызды ұсыныстарды білдіреміз:

- болашақ дене тәрбиесі мұғалімдері тек мектептерде ғана емес, балабақшаларда да жұмыс істейтінін ескеруіміз тиіс. Балабақшадағы таңертеңгілік гигиеналық-гимнастика мен жаттығулар би элементтерімен тығыз байланысты болады. Осыған орай, қазіргі оқу бағдарламасына балабақшадағы дене белсенділігі мен би жаттығуларының интеграциясын ескеретін арнайы бөлімдер енгізу қажет. Бұл балалардың қимыл белсенділігін дамытуға және музыкалық-сезімдік қабілеттерін арттыруға ықпал етеді;

- дене тәрбиесі пәніне арналған оқулықтарды жазатын авторлар мен әдіскерлер оқулық мазмұнында ұлттық ойындарды тереңірек талдауды және олардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сұрыпталуын әдістемелік тұрғыдан негіздеуді қолға алуы керек. Ұлттық ойындар - дене тәрбиесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан олардың оқулықтар мен оқу бағдарламаларына енгізілуі балалардың қызығушылығын арттырып, ұлттық мәдениетті дәріптеуге және дене дамуы үдерісіне оң әсерін тигізеді. Оқушылардың психологиялық және дене дамуы деңгейіне сәйкес келетін ұлттық ойын түрлерін таңдау және оларды сабаққа тиімді енгізу өте маңызды;

- оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазу ісіне дене тәрбиесінің қыр-сырын терең меңгерген білікті ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлерді, мұғалімдер мен салалық мамандарды тарту қажет. Оқулықтар мен бағдарламалар мектеп мұғалімдеріне түсінікті, тиімді әрі сапалы болуын қамтамасыз ету үшін олардың мазмұны ғылыми негізде қарастырылып, тәжірибелік әдістемелермен үйлестірілуі тиіс. Мұндай құрамның болуы оқулықтардың және оқу бағдарламаларының ғылыми және педагогикалық тұрғыдан жоғары сапалы болуын қамтамасыз етеді, нәтижесінде оқушылардың дене тәрбиесі бойынша білім деңгейлері артатын болады.

Бұл ұсыныстар дене тәрбиесі пәнінің оқыту сапасын арттыруға және оқушылардың дене дамуы мен дене дайындығын жақсартуға бағытталған өзекті және маңызды қадамдар болып табылады. Оқулықтар мен оқу бағдарламаларының сапалы әрі тиімді болуы, педагогикалық үдерістің нәтижелілігін арттырады және дене тәрбиесін оқытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Біздің мақсатымыз - жас ұрпаққа сапалы білімді саналы тәрбиемен ұштастырып беру! [Электрондық ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/176018> (қолданылған күні: 23.11.2023).
- 2 Төтенаев Б. Дене тәрбиесі: оқулық. – Алматы: «Жазушы», 1988. - 112 б.
- 3 Тұрыскелдина М. Дене тәрбиесі: 1-сынып оқу құралы. - Алматы: «Мектеп», 1984. - 104 б.
- 4 Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорт саласындағы мемлекеттік терминдерді қолдану ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Жаршы» журналы. - 2017. - №5. - Б. 262-266.
- 5 Ермаханов Б.Ө. Дене мәдениеті ме? Дене шынықтыру ма? // Педагогика хабаршысы. - 2021. - №3. - Б. 126-129.
- 6 Егізбаев Ж. Спорт - тәрбие құралы // Ізденіс КЗ. - 2023. - №10 (46). - Б. 166-170.
- 7 Қуатбеков Ш.Н. Білім жүйесіндегі реформалар өмір талабы / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция: мат. - Қызылорда, 2022. - Б. 56-59.
- 8 Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісі кездерінде мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері / II Халық. ғыл.-практ. конф. «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері»: мат. - Алматы, 2024. - Б. 21-26.

References

- 1 Bizdin maqsatymyz - zhas ырpaққа саpалы билimді саналы тәрбиeмен ұштaстырyп беру! [Jeлектрондық resurs]. URL: <https://abai.kz/post/176018> (қолданылған күні: 23.11.2023).
- 2 Tөтенаев B. Дене тәрбиесі: оқулық. – Алматы: «Zhazushy», 1988. - 112 b.
- 3 Тұрыскелдина М. Дене тәрбиесі: 1-сынyp оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1984. - 104 b.
- 4 Uanbaev E.Қ. Дене мәдениеті және спорт саласындағы мемлекеттік терминдерді қолдану ерекшеліктері // L.N.Gumilev atyndary Eurazija Ylttyқ universitetiniң «Zharshy» zhurnaly. - 2017. - №5. - B. 262-266.
- 5 Ermahanov B.Ө. Дене мәдениеті ме? Дене шынықтыру ма? // Pedagogika habarshysy. - 2021. - №3. - B. 126-129.
- 6 Egizbaev Zh. Sport - tәрбие құралы // Izdenis KZ. - 2023. - №10 (46). - B. 166-170.
- 7 Kuatbekov Sh.N. Bilim zhyjesindegi reformalar өmir talaby / Respublikalyқ ғылыми-tәzhiribelik konferenciya: mat. - Kyzylorda, 2022. - B. 56-59.
- 8 Uanbaev E.Қ. Дене мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, bilim мен ғылымды дамыту үдерісі kezderinde memlekettik tildegi терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері / II Halyқ. ғыл.-prakt. конф. «Dene shynyktyru, sport, turizm және bilim беру tәzhiribesiniң өзекті мәселелері»: mat. - Almaty, 2024. - B. 21-26.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Есиркепов Жандос Мергенбайұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: zhandos1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246	Автор для корреспонденции (первый автор) Есиркепов Жандос Мергенбайұлы – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан, e-mail: zhandos1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246	The Author for Correspondence (The First Author) Yessirkepov Zhandos Mergenbayuly – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor; International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan, e-mail: zhandos1978@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2542-6246
---	---	--

Лютерович О.Г. , Агелеуова А.Т., Жаксыбекова Д.К.

Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ПРОБЛЕМНОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ЭКСКУРСОВОДОВ

Лютерович Олег Григорьевич, Агелеуова Айгуль Токтархановна, Жаксыбекова Динара Кабировна

Применение проблемного метода обучения при подготовке будущих экскурсоводов

Аннотация. Не вызывает сомнений то обстоятельство, что экскурсионная работа носит творческий характер, который проявляется буквально во всех направлениях профессиональной деятельности экскурсовода, будь это коммуникации с туристами, процесс презентации объекта, либо подготовка нового маршрута. Сама экскурсия, с точки зрения философии – это процесс познания окружающего мира, объективной реальности, духовной и культурной деятельности человека. Экскурсия нацелена на обучение определенной аудитории, которое происходит под руководством обучающего – экскурсовода. Поэтому для достижения высокого качества передачи знаний, экскурсоводу необходимо самому знать основы философии, как общей методологии, логики, как науки о формах и законах мышления, педагогики и психологии. Когнитивный компонент личности будущего экскурсовода предполагает наличие у него устойчивого познавательного интереса и знания методов поиска новых решений, а это значит, что мышлению будущего экскурсовода должны быть присущи гибкость, активность, целенаправленность, широта, глубина, критичность, ясность, доказательность, логичность рассуждения. Поэтому программа обучения самих экскурсоводов должна стимулировать их познавательную активность, развивать продуктивное мышление слушателей и формировать их научное мировоззрение. Соответственно, программа обучения должна ставить перед аудиторией ряд учебных задач, помогающих осознать способ действий, необходимых для разработки того или иного экскурсионного продукта.

Ключевые слова: подготовка экскурсоводов, проблемный метод, методика, учебная задача, учебное задание, экскурсия.

Luterovich Oleg Grigorievich, Ageleuova Aigul Toktarkhanovna, Zhaksybekova Dinara Kabirovna

The use of a problem-based learning method in the preparation of future academic students

Abstract. There is no doubt that the excursion work is of a creative nature, which manifests itself in literally all areas of the professional activity of the guide, whether it is communication with tourists, the process of presenting the object, or the preparation of a new route. The tour itself, from the point of view of philosophy, is a process of cognition of the surrounding world, objective reality, spiritual and cultural activities of a person. The tour is aimed at teaching a specific audience, which takes place under the guidance of a teaching guide. Therefore, in order to achieve a high quality of knowledge transfer, the guide himself needs to know the basics of philosophy as a general methodology; logic as the science of forms and laws of thinking; pedagogy and psychology. The cognitive component of the personality of a future guide presupposes the presence of stable cognitive interests and knowledge of methods for finding new solutions, which means that the thinking of a future guide should be characterized by: flexibility, activity, purposefulness, breadth, depth, criticality, clarity, evidence, logical reasoning. Therefore, the training program of the guides themselves should stimulate their cognitive activity, develop productive thinking of the listeners and form their scientific worldview. Accordingly, the training program should set a number of educational tasks for the audience to help them understand the course of action necessary to develop a particular excursion product.

Key words: training of tour guides, problematic method, methodology, educational task, educational assignment, excursion.

Лютерович Олег Григорьевич, Агелеуова Айгуль Токтархановна, Жаксыбекова Динара Кабировна

Болашақ экскурсоводтарды даярлауда проблемалық оқыту әдісін қолдану

Аңдатпа. Экскурсиялық жұмыс шығармашылық сипатқа ие екені күмәнсіз, ол туристермен байланыс, нысанды таныстыру үдерісі немесе жаңа бағытты дайындау болсын, экскурсоводтың кәсіби қызметінің барлық бағыттарында көрінеді. Экскурсияның өзі, философия тұрғысынан, қоршаған әлемді, объективті шындықты, адамның рухани және мәдени іс-әрекетін білу үдерісі. Экскурсия белгілі бір аудиторияны оқытуға бағытталған, бұл үдеріс оқытушы – экскурсоводтың жетекшілігімен жүзеге асырылады.

Сондықтан білімді жоғары деңгейде жеткізу үшін экскурсоводтың өзі философияның негіздерін, жалпы әдіснаманы; логиканың, ойлау формалары мен заңдары туралы ғылымды; педагогика мен психологияны білуі қажет. Болашақ экскурсоводтың когнитивтік компоненті оның тұрақты танымдық қызығушылықтары мен жаңа шешімдер іздеу әдістерін білуін көздейді, ал бұл болашақ экскурсоводтың ойлауына мынадай қасиеттер тән болуы тиіс: икемділік, белсенділік, мақсаттылық, кеңдік, тереңдік, сындарлылық, айқындық, дәлелділік, ой-пікірдің логикалығы. Сондықтан экскурсоводтарды оқыту бағдарламасы олардың танымдық белсенділігін ынталандыруы, тыңдаушылардың өнімді ойлауын дамыту және ғылыми дүниетанымдарын қалыптастыру керек. Сондықтан, оқыту бағдарламасы аудитория алдында экскурсиялық өнімді әзірлеу үшін қажетті іс-әрекет тәсілдерін түсінуге көмектесетін бірқатар оқу міндеттерін қою керек.

Түйін сөздер: экскурсия жетекшілерін дайындау, мәселелік әдіс, әдістеме, оқу міндеті, оқу тапсырмасы, экскурсия.

Введение. Методика проблемного обучения имеет глубокие исторические корни, поскольку зарождалась еще в эпоху античности. Сократ, подаривший миру всем известную сентенцию «истина познается в споре» стоял у истоков эвристического метода обучения. Он не считал нужным в своих диалогах с учениками сообщать им готовые ответы на поставленные проблемы, Философ, задавая своим собеседникам наводящие вопросы, тем самым подталкивал их самих придти к верному решению.

Основатель первого в мире высшего учебного заведения Платон в своей академии культивировал игровое обучение, вовлекая своих слушателей в обсуждение тех или иных проблем. Его основной педагогический метод заключался в том, чтобы помочь аудитории самостоятельно мыслить, используя различные способы мышления (в частности, индуктивный и дедуктивный подходы к решению той или иной жизненной ситуации).

Можно утверждать, что на протяжении последующих столетий педагоги успешно применяли принципы проблемного и эвристического обучения. Однако областью научного исследования они становятся в XIX веке, когда в основу проблемного обучения легли идеи Джона Дьюи, американского психолога, философа и педагога. В 1894 году он основал в Чикаго опытную школу, в которой основу обучения составлял не учебный план, а игры и трудовая деятельность. В этот же период в трудах выдающихся казахских просветителей Абая Кунанбаева и Ибрая Алтынсарина отмечается важность проблемного обучения. Так, например, Абай, подчеркивая важность наглядности в воспитании, утверждал, что ребенок «слушая, созерцая, ... начинает познавать разницу между хорошим и плохим» [1].

В мировой практике разработка методики проблемного обучения широко распространилась уже в начале XX века. В России и Казахстане особое внимание этим методикам уделялось в середине прошлого столетия, когда к ним обратились: И.Я. Лернер [2], А.М. Матюшкин [3], М.И. Махмутов [4], А.В. Брушлинский [5], А.В. Хуторской

[6], П.И. Пидкасистый [7], Н.Ф. Талызина [8], Н.Д. Хмель [9], Г.Т. Хайруллин [10], А.А. Саипов [11]. В 1980–1990-х годах доктор педагогических наук А.В. Хуторской вместе с командой провел исследование, в которых изучил результативность эвристического подхода на уровне школы. По мнению большинства исследователей, цель проблемного обучения заключается в том, что учитель находит проблему и наводит детей на известное решение. Цель же эвристического обучения расширяет возможности проблемного обучения, поскольку ориентирует учителя и ученика на достижение неизвестного им результата.

В 70-е годы XX века Б.В. Емельянов, возглавлявший Экскурсионное управление Центрального совета по туризму и экскурсиям, автор учебника «Экскурсоведение», большое внимание уделил разделу «Педагогика в экскурсиях» [12]. Кроме того, под его редакцией был выпущен целый ряд методических пособий, в которых давались рекомендации по вопросам подготовки будущих экскурсоводов. В частности, в рамках проблемного обучения преподавателям дисциплины «Экскурсоведение» рекомендовалось использовать проблемно-аналитические таблицы по различным разделам курса.

Подготовка будущих экскурсоводов по курсу «Методика и практика экскурсионного дела» предполагает их активность, обусловленную природой предмета изучения. Развитие профессионального мышления – тот узел, в котором сходятся все линии образования в высших учебных заведениях. Рост знаний, освоение важнейших понятий, умение профессионально мыслить, преодолевать коммуникативные затруднения, использование корректного доказательства – все это основные компоненты подготовки будущих специалистов. Реализация этих научных знаний, профессиональных умений и навыков в учебном процессе подразумевает внедрение преподавателем активных методов обучения, проблемных форм их организации, разнообразных способов их представления. Так как «решение любой задачи, как правило, предполагает изобретение нового, ведущего к поставленной

цели рассуждения, и тем самым является – пусть весьма скромным – творческим актом» [13].

Цель исследования состоит в изучении проблемного метода обучения при подготовке будущих экскурсоводов.

Задачи исследования:

- показать необходимость применения проблемного обучения при подготовке будущих экскурсоводов к профессиональной деятельности;
- привести конкретный пример творческого подхода к выполнению учебных заданий.

Материалы и методы. В ходе исследования проведен анализ философской, психолого-педагогической и специализированной литературы по рассматриваемой проблеме, а также изучены учебные программы, учебники и нормативные документы, регулирующие экскурсионную деятельность в Республике Казахстан. Проанализированы образовательные программы студентов и слушателей курсов подготовки экскурсоводов. Кроме того, использованы данные наблюдений авторов статьи, обладающих многолетним опытом работы в качестве методистов-экскурсоводов.

Результаты. Учебная задача представляет собой обобщенное учебное задание, которое создает проблемную ситуацию и требует от обучающихся привлечения знаний из различных областей науки и техники, политики, экономики и культуры. Решение таких задач способствует формированию умений ориентироваться в многообразии источников информации. Основной целью проблемного обучения является моделирование и стимулирование процесса поиска истины [14].

Как мы отмечали выше, проблемная ситуация создается с помощью проблемного вопроса (задачи, задания). При этом дается такая формулировка, которая не допускает однозначного ответа, дает многосторонние возможности решения, здесь необходима способность анализировать тот или иной материал, опираясь на собственные знания. Как показывает опыт изучения темы «Методика проведения экскурсии», обучающиеся затрудняются в правильном применении экскурсионного анализа, не видят разницы между ним и приемом описания. Если сообщить различия между ними, то обучающиеся их выслушают, запомнят и воспроизведут.

Но эти же знания можно дать по-иному, сформулировав следующее задание: «Сравните между собой описание и анализ объекта, определив, чем они отличаются друг от друга». Вопрос содержит познавательную задачу, заставляет искать решения, предполагает варианты ответов и является проблемным. Отметим, что прием описания более прост по сравнению с анализом. Учащимся предлагается

дать описание объекта, но быть лаконичными, используя экскурсионный анализ с минимумом словесных средств. Обучающиеся соглашаются с тем, что объем сведений еще не решающий фактор различия между этими методическими средствами. Но в том и другом случае имеет место выделение и описание характерных признаков объекта. Следовательно, у них возникает вопрос: «Идентичны ли методические приемы анализа и описания?»

В сознании обучающихся возникает противоречие с ранее усвоенными знаниями о том, что описание – прием рассказа, экскурсионный анализ – метод познания, включающий ряд приемов (объяснения, комментирования, справки и др.) [12, с. 183]. Осознание этого противоречия заставляет обучающихся вести дальнейший поиск правильного ответа. Они обнаруживают существенные отличительные признаки: наличие в экскурсионном анализе обязательной связи показа отдельных элементов и характерных черт объекта с идейным содержанием экскурсии, неременное присутствие синтеза. При этом знание получено не в готовом виде. Оно требовало мыслительных усилий, способствовало развитию наблюдательности, самостоятельности и профессионального чутья.

Таким образом, студенты творчески и критически осмысливают изучаемый материал. Проблемная ситуация позволяет вовлечь их в активную работу, преодолеть замкнутость, нежелание откликнуться на призыв к обмену мнениями. Её решение способствует воспитанию личности студента в процессе обучения. Она имеет то преимущество, что целью анализа ситуации является важная для практической деятельности, а не абстрактная задача, взятая из учебника.

Обсуждение. При проблемном методе обучения могут встречаться различные уровни сложности. Первый уровень – низкий, когда обучающиеся следуют логике рассуждений преподавателя, проявляя лишь элементы самостоятельного поиска. Преподаватель сам ставит проблему, пробуждает интерес к ней и сам решает, но организует обсуждение, показывает логику поиска, пути решения. При этом студент не только получает новые знания, но учится мыслить. Овладение этой методикой лучше всего начинать именно с проблемного, монологического изложения знаний на лекции. Так, при рассмотрении действия законов восприятия и усвоения понятия о законе психологической установки дается путем рассуждающего сообщения материала.

Если при репродуктивном методе преподаватель дает определение понятия психологической установки и приводит пример, то в использовании

проблемной ситуации он поступает иначе: говорит, что порой обучающиеся не готовы к восприятию экскурсии, не заинтересованы ею, выдвигает проблему: «Существует ли реальная возможность изменить отношение аудитории к предстоящей экскурсии?» Это побуждает студентов к размышлению, но они не располагают данными для самостоятельного решения. Поэтому преподаватель демонстрирует путь добывания истины, приводя специальные рассуждения, показывающие, насколько зависит восприятие окружающего от влияния других людей. Преподаватель дает определение психологической установки как целостной направленности человека в определенную сторону, готовности воспринимать окружающее под определенным углом зрения.

На примере из практики преподаватель может показать, как полная реализация закона психологической установки во вступлении к экскурсии позволяет сформировать нужное отношение экскурсантов к экскурсии. При таком изложении материала преподаватель приучает обучающихся к выдвижению гипотез на основе возникшей проблемной ситуации, показывает пути и способы решения проблем. Но, наблюдая со стороны процесс поиска, осуществляемого преподавателем, обучаемые не смогут овладеть методами научного мышления. Необходимо дать им возможность самим решать познавательные задачи.

- 6 Aparicio-Aparicio I., Giménez J.V. Nordic walking: a systematic review Pedro Pérez-Soriano Inmaculada Aparicio-Aparicio Salvador Llana-Belloch // *European Journal of Human Movement*. – 2014. – Vol. 33. – pp. 26-45. URL: https://web.archive.org/web/20180429024509id_/http://www.eurjhm.com/index.php/eurjhm/article/viewFile/341/551.
- 7 Jurikova J., Kyzlink J. Benefits of nordic walking // *Discobolul-Physical Education, Sport & Kinetotherapy Journal*. – 2020. – Vol. 59. – pp. 484-495. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://pdfs.semanticscholar.org/ef31/f7b26380d9c4bc3d6c9eccc6f016d90e74f9.pdf> (дата обращения: 12.12.2024).
- 8 Liu Y., Xie W., Ossowski Z. The effects of Nordic Walking on health in adults: A systematic review // *Journal of Education, Health and Sport*. – 2023. – Vol. 13. – №1. – pp. 188-196. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://apcz.umk.pl/JEHS/article/view/40940> (дата обращения: 12.12.2024).
- 9 Szpulak A. et al. Nordic walking—the healthiest sport ever? – A review // *Quality in Sport*. – 2024. – Vol. 22. – pp. 54594. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://apcz.umk.pl/QS/article/view/54594> (дата обращения: 12.12.2024).
- 10 International Nordic Walking Association (INWA) // The History of Nordic Walking [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.inwa-nordicwalking.com/the-history-of-nordic-walking/> (дата обращения: 12.12.2024).
- 11 International Nordic Walking Association (INWA) // What is Nordic Walking? [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.inwa-nordicwalking.com/about-us/what-is-nordic-walking/> (дата обращения: 12.12.2024).
- 12 Shemjatin V.A., Dobrynin I.M. Vlijanie skandinavskoj hod'by na razvitie fizicheskikh kachestv: uchebnoe posobie / Min-vo nauki i vysshego obrazovanija RF. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2020. – 132 s. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://elar.ufu.ru/handle/10995/82516> (дата обращения: 12.12.2024).
- 13 Seliverstova N.V., Shvajlikova N.V., Gonchar N.A. Skandinavskaja hod'ba: prakticheskoe posobie. – Gomel': GGU im. F. Skoriny, 2021. – 29 s. [Elektronnyj resurs]. URL: https://elib.gsu.by/bitstream/123456789/17645/1/%D0%A1%D0%BA%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B8%D0%BD%D0%B0%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F_%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8C%D0%B1%D0%B0.pdf?ysclid=m4aw6znajw571602571 (дата обращения: 12.12.2024).
- 14 Saller M., Nagengast N., Frisch M., Fuss FK. A Review of Biomechanical and Physiological Effects of Using Poles in Sports // *Bioengineering*. – 2023. – Vol. 10. – №4. – pp. 497. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.mdpi.com/2306-5354/10/4/497> (дата обращения: 12.12.2024).
- 15 Hansen E.A., Smith G. Energy expenditure and comfort during Nordic walking with different pole lengths // *The Journal of Strength & Conditioning Research*. – 2009. – Vol. 23. – №4. – pp. 1187-1194 [Elektronnyj resurs]. URL: https://journals.lww.com/nsca-jscr/fulltext/2009/07000/energy_expenditure_and_comfort_during_nordic.20.aspx (дата обращения: 12.12.2024).
- 16 Foissac M.J., Berthollet R., Seux J., Belli A., Millet G.Y. Effects of hiking pole inertia on energy and muscular costs during uphill walking // *Medicine and science in sports and exercise*. – 2008. – Vol. 40. – №6. – pp. 1117-1125. [Elektronnyj resurs]. URL: https://journals.lww.com/acsm-msse/fulltext/2008/06000/effects_of_hiking_pole_inertia_on_energy_and.18.aspx (дата обращения: 12.12.2024).
- 17 Schiffer T., Knicker A., Montanarella M., Strüder H.K. Mechanical and physiological effects of varying pole weights during Nordic walking compared to walking // *European journal of applied physiology*. – 2011. – Vol. 111. – №6. – pp. 1121-1126. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://link.springer.com/article/10.1007/s00421-010-1739-5> (дата обращения: 12.12.2024).
- 18 Koizumi T., Tsujiuchi N., Takeda M., Murodate Y. Physical motion analysis of Nordic walking // *The Engineering of Sport*. – 2008. – Vol. 7. – pp. 336-385. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.researchgate.net/profile/Masaki-Takeda-2/>

- publication/227254213_Physical_Motion_Analysis_Of_Nordic_Walking_P77/links/59f6b0cd0f7e9b553ebd2ff0/Physical-Motion-Analysis-Of-Nordic-Walking-P77.pdf (data obrashheniya: 12.12.2024).
- 19 Shim J.-M., Kwon H.-Y., Kim H.-R., Kim B.-I., Jung J.-H. Comparison of the effects of walking with and without Nordic pole on upper extremity and lower extremity muscle activation // *Journal of physical therapy science*. – 2013. – Vol. 25. – №12. – pp. 1553-1556. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/24409018/> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 20 Daviaux Y., Hintzy F., Samozino P., Horvais N. Effect of using poles on foot-ground kinetics during stance phase in trail running // *European journal of sport science*. – 2013. – Vol. 13. – №5. – pp. 468-474. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1080/17461391.2012.740505> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 21 Tvzник A., Kutek M. Running with Poles to Increase Training Efficiency and Reduce Injuries // *New Study in Athletics*. – 2014. – Vol. 29. – pp. 55–68. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://sponet.de/Record/4041468> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 22 Hudson D. The effect of walking with poles on the distribution of plantar pressures in normal subjects // *PM&R*. – 2014. – Vol. 6. – №2. – pp. 146-151. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1016/j.pmrj.2013.09.002> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 23 Park S.K., Yang D.J., Kang Y.H., Kim J.H., Uhm Y.H., Lee Y.S. Effects of Nordic walking and walking on spatiotemporal gait parameters and ground reaction force // *Journal of physical therapy science*. – 2015. – Vol. 27. – №9. – pp. 2891-2893. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/26504319/> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 24 Bahensky P. Comparison of Responses of the Organism to Load Exerted by Running with Poles and without Poles // *Indian Journal of Research*. – 2014. – Vol. 3. – pp. 140-141. URL: https://www.researchgate.net/publication/274925634_Comparison_of_Responses_of_the_Organism_to_Load_Exerted_by_Running_with_Poles_and_Without_Poles (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 25 Pellegrini B., Boccia G., Zoppirolli C., Rosa R., Stella F., Bortolan L., Rainoldi A., Schena F. Muscular and metabolic responses to different Nordic walking techniques, when style matters // *PLoS One*. – 2018. – Vol. 13. – №4. – [Elektronnyj resurs]. URL: <https://journals.plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0195438> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 26 Boccia G., Zoppirolli C., Bortolan L., Schena F., Pellegrini B. Shared and task-specific muscle synergies of Nordic walking and conventional walking // *Scandinavian Journal of Medicine & Science in Sports*. – 2018. – Vol. 28. – №3. – pp. 905-918. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/sms.12992> (data obrashheniya: 12.12.2024).
 - 27 Peyre-Tartaruga L.A., Boccia G., Feijo Martins V., Zoppirolli C., Bortolan L., Pellegrini B. Margins of stability and trunk coordination during Nordic walking // *Journal of Biomechanics*. – 2022. – Vol. 134. – pp. 111001. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0021929022000574?via%3Dihub> (data obrashheniya: 12.12.2024).

Хат-хабарларга арналган автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Мучкин Дмитрий Павлович – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ. Қазақстан, e-mail: pochta_dem_m@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2648-2047	Мучкин Дмитрий Павлович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор; Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлана; г. Павлодар, Казахстан, e-mail: pochta_dem_m@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2648-2047	Muchkin Dmitry Pavlovich – candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor; Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan, e-mail: pochta_dem_m@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-2648-2047

¹Рыскалиев С.Н.а¹, ²Есиркепов Ж.М., ³Ермаханов Б.Ө., ²Айдаров Б.Ж.,
⁴Абугалиев Б.Н.

¹ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

⁴Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА ЭТНОСПОРТТЫҢ ДАМУЫ, ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ТҰРҒЫСЫНАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Рыскалиев Саят Нұрболатович, Есиркепов Жандос Мergenбайұлы, Ермаханов Бағлан
Өмірзақұлы, Айдаров Бақытжан Жұмадиллаұлы, Абугалиев Бекзат Нұртаевич

Қазақстанда этносportтың дамуы, оның әлеуметтік-мәдени тұрғысынан қарастырылуы

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы этносportты әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамыту, этносportты дамыту бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың монографиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау, сондай-ақ спорт құрылымын жақсарту және әлем халықтарының мәдени құндылықтарын насихаттау жөніндегі ақпарат егжей-тегжейлі қарастырылады. Алыс және жақын шетелдердің этносport түрлері, олар бойынша өткізілетін жарыстар және Қазақстан Республикасының этносportты дамыту жөніндегі ұлттық спорт қауымдастығының қызметі, елде этносportты дамыту жөніндегі ұсыныстарға, Қазақстан Республикасындағы Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы білім беретін мектептерінің 900 жоғары сынып оқушыларына сауалнама нәтижелері жан-жақты талданады. Сонымен қатар, Қазақстанның дала кеңістігінде, көшелерде, аулаларда, ауылдың шетінде көптеген тегіс алаңдар бар, біз қазақтың дәстүрлі еңбек-тұрмыстық, салттық, ойын-сауық ойындарын ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік беретін ойын түрлерін арнайы тандадық. Бұл ойындар баланың қимыл дағдысын дамытады, адалдықты, тапқырлықты, ұйымшылдықты, достықты, адамгершілікті тәрбиелейді, ұлттық спорт түрлері мен ойындарға деген қызығушылықты арттырады. Сондай-ақ, қазіргі мектептерде қазақ этнопедагогикасының құралдарын жүйелі пайдалану кезінде ұлтқа, өдет-ғұрыптарға, дәстүрлерге құрметпен қарайтын, туған халқының тілін, менталитетін, мәдениетін, тарихын, ұлттық ойындарын құрметтейтін, ұлттық қасиеттерді тәрбиелейтін саналы ұрпақты тәрбиелеуге ғылыми негіздеме беріледі.

Түйін сөздер: этносport, этнопедагогика, ұлттық спорт түрлері, ұлттық ойындар, салт-дәстүр, рухани-мәдени тәрбие.

Ryskaliyev Sayat, Yessirkepov Zhandos, Yermakhanov Baglan, Aidarov Bakytzhan, Abugaliev Bekzat

Consideration of the development of ethnosports in Kazakhstan from a socio-cultural point of view

Abstract. This article examines in detail the development of ethnosports in Kazakhstan from its socio-cultural point of view, analyzes monographic research works by domestic and foreign scientists on the development of ethnosports, as well as information on improving the structure of sports and promoting cultural values of the peoples of the world. The types of ethnosports from far and near abroad, the competitions held in them and the activities of the National Sports Association of the Republic of Kazakhstan for the development of ethnosports, proposals for the development of ethnosports in the country, and the results of a survey of 900 high school students from Turkestan and Kyzylorda regions in the Republic of Kazakhstan are comprehensively analyzed. In addition, in the steppe expanses of Kazakhstan, where there are many flat areas on the streets, in courtyards, and on the outskirts of the village, we have specially selected the types of games that will allow us to organize and conduct traditional Kazakh labor, ritual, and entertainment games. These games develop a child's motor activity, foster determination, ingenuity, organization, friendship, morality, and increase interest in national sports and games. Also, with the systematic use of the means of Kazakh ethnopädagogy in modern schools, a scientific justification is given for the upbringing of a conscious generation that respects nationality - thoughts, customs, traditions, respects the language, mentality, culture, history, national games of its native people, and cultivates national qualities.

Key words: ethnosports, ethnopädagogy, national sports, national games, traditions, spiritual and cultural education.

Рыскалиев Саят Нурболатович, Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Ермаханов Бағлан Умирзақұлы, Айдаров Бакытжан Жумадиллаевич, Аbugалиев Бекзат Нуртаевич

Рассмотрение развития этноспорта в Казахстане с социокультурной точки зрения

Аннотация. В статье рассматривается развитие этноспорта в Казахстане с социокультурной точки зрения. Проведен анализ монографических исследований отечественных и зарубежных ученых, посвященных этносportу, а также рассмотрены вопросы совершенствования спортивной структуры и популяризации культурных ценностей народов мира. Исследуются виды этноспорта в различных странах, проводимые соревнования и деятельность Национальной спортивной ассоциации Республики Казахстан по развитию этноспорта. Представлены предложения по его дальнейшему развитию, а также результаты анкетирования 900 учащихся старших классов общеобразовательных школ Туркестанской и Кызылординской областей. Особое внимание уделено традиционным казахским играм, организуемым на открытых площадках в сельской местности. Эти игры способствуют развитию двигательной активности, формируют целеустремленность, смекалку, организованность, дружеские качества и нравственность, а также повышают интерес к национальным видам спорта. Кроме того, рассматривается научное обоснование систематического использования элементов казахской этнопедагогики в образовательных учреждениях. Это способствует воспитанию сознательного поколения, уважающего национальные традиции, язык, культуру и историю своего народа.

Ключевые слова: этносport, этнопедагогика, национальные виды спорта, национальные игры, традиции, духовно-культурное воспитание.

Кіріспе. Әр елдің өзіне тән халықтық спорт түрлері бар. Ол спорт түрлері ғасырлар бойы халықпен бірге жасап, жыл өткен сайын мазмұны мен ережелері жаңарып, дами беретіні табиғи үдеріс. Спорт елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Сол арқылы спорттың бұқаралық сипатын дамытуға ықпал етеді. Әлемдік қауымдастықта елдің беделі мен абыройы әлеуметтік-саяси және экономикалық ерекшеліктері бар спорттың даму деңгейімен де өлшенетіні белгілі.

Олимпиадалық бағдарламаға енбейтін спорт түрлерінің танымалдылығының артуы спортты басқару жүйесін оңтайландыру қажеттігін көрсетіп отыр. Осындай перспективалы бағыттардың бірі этносportты дамыту болып табылады.

Біз отандық және шетелдік көптеген ғалымдардың этносport бағытындағы ғылыми-зерттеу еңбектеріне талдау жасап, зерделеу жұмыстарын жүргіздік. Сол ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми мәліметтерді саралау барысында қазіргі таңда әлемде әртүрлі этностар мен мәдениеттің 200-ден астам спорт түрлерінің бар екендігін анықтадық. С.Я.Ооржак «Этнопедагогика және этнопедагогикалық зерттеулер (теориялық және әдіснамалық тәсілдерді түсіну)» атты монографиялық еңбегінде «Этноспорт ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа негізделген мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде әрекет етеді», - деп атап көрсетеді. Сондай-ақ, «Этноспорт халықтық педагогика тәжірибесіне және оның сипатына қатысты болса, этнопедагогика - теориялық ой саласы болып саналады», - деп ғылыми негіздеме береді [1, б. 26]. Ал, О.В.Хухлаева мен А.С.Кривцова этнопедагогикаға арналған еңбегінде «Дене мәдениетінің этномәдени тұрғыдан дамуы дәстүрлі қоғамда тоқтаусыз әрекет етеді және дене

белсенділігінің дәстүрлі түрлерін жетілдіреді», - деп тұжырым жасайды [2, б. 126].

Әр елдің салт-дәстүрі мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын зерттеп, ғылыми тұжырымдама жасап жүрген белгілі ғалым А.С.Шаалы, Н.Ч.Дамба, Т.Т.Муннзук, В.В.Марюхина, А.Б.Ооржак сынды бір топ ғалымдар «Тува халқының тәрбиесіндегі этнопедагогикалық идеялары: теория және практика» атты монографиялық еңбегінде «Спорттың әлеуметтік маңыздылығы туралы көзқарастардың бір-біріне қарама-қайшы болуы, оның терминдік анықтамаларының әртүрлілігі, спорттың тарихи және өркениеттік үдерістің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын әлеуметтік-мәдени құбылыс екендігіне жан-жақты тұжырым жасай отырып, қазіргі заманның рухани және мәдени дамуында этносportтың маңызды орын алатынын ерекше атап өтеді» [3, б. 61]. Д.И.Латышина мен Р.З.Хайруллин «Этнопедагогика» атты оқулығында «Қазіргі қоғамда этносport - ауызша халық шығармашылығынан, халықтық музыка мен биден, халық қолөнері шеберлерінің бұйымдарынан және ұлттық ойындардан тұратын этномәдени фестивальдер өткізу», - деп түсініктеме береді [4, б. 132].

Сонымен қатар, В.И.Баймурзина «Жалпы этнопедагогика: әдістеме, теория, практика» атты монографиялық еңбегінде «Спорттың этномәдени әртүрлілігі дене белсенділігінің дәстүрлі түрлерін көтермелеу мен сақтаудың институционалдық нормасы ретінде бөтен мәдениеттер мен әдет-ғұрыптарға төзімділікті кеңейтуге ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар, басқа халықтардың озық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын құрметтеуді қалыптастырады, интеграциялық үдерістерді ынталандырады, ұлттар арасындағы диалогтың шарты ретінде қызмет етеді», - деп этномәдени

әртүрліліктің спортты дамытудағы жаңа парадигма екендігіне баса назар аударады [5, б. 93].

Ұлттық спорт түрлері мен ойындарын зерттеп жүрген қазақ ғалымдарының арасында профессор Е.Алимханов «Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері» атты монографиялық зерттеу еңбегінде этнопедагогикалық ойдың дамуына үлкен үлестерін қосқан әл-Фараби, А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, Ә. Диваев, С. Торайғыров, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, М.Ж. Көпеев және т.б. ағартушы-ғалымдардың еңбектеріндегі дене тәрбиесіне, ұлттық ойындарға байланысты құнды деректерді талдап көрсетеді. Ал, қазақ халқының этнопедагогикасының қалыптасуының негізін қалаушылар Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жырау, Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің педагогикалық көзқарастары, оның ішінде дене мәдениеті мен ойындарға қатысты еңбектері әле тыңғылықты зерттелмегенін атап өтеді [6, б. 160].

А.С.Кусманбекова мен П.С.Джекенов «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» атты оқулығының екінші тарауында «Түркі елдерінің этносport түрлерін еліміздің қазақ мектептеріндегі оқу үдерісінде тиімді қолданатын болсақ, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер мен құндылықтарға, ана тілі мен мәдениетіне, тарихы мен өнеріне, ұлттық ойындарына құрметпен қарайтын, тұла бойына ұлттық қасиеттерді сіңіріп өскен саналы ұрпақты тәрбиелей аламыз», – деп, этносport түрлерінің бала тәрбиелеудегі алатын орнына ерекше негіздеме береді [7, б. 159]. Авторлар ғылыми жұмысында қазақ этнопедагогикасы құралдарын оқушылар дене тәрбиесінде пайдалануға жүйелі бағыт-бағдар берілмеуіне және мәселенің теория жүзінде жеткілікті зерттелмеуіне баса мән беріп, мәселенің шешілу жолдарын қарастырады. Тағы басқа да авторлар ұлт ойындарының адам ағзасына және бұлшық еттеріне әсерін зерттеп, анатомо-физиологиялық тұрғыдан қарастырады [8, б. 3385]. Біз басқа да осы бағытта жазылған ғылыми еңбектерді мұқият саралау негізінде [9-14] зерттеу жұмысымызда ұлттың ұлттық коды - этносport түрлерінің елімізде дамуын насихаттап, оны дамыту жолдарын негізгі нысан ретінде қарастырамыз. Бұл зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде этносportтың орны мен рөлін анықтап, елімізде этносportты дамыту бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақстандағы және шетелдегі этносportтың даму үдерісіне теориялық талдау жүргізу.

2. Этноспортты халықаралық деңгейде таныту, жастар арасында кеңінен тарату және ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша нақты жоспарларды қарастыру.

3. «Бестас» және «Асық» ойындарын ЖОО-ның дене тәрбиесі пәнінде тәжірибе жүзінде өткізіп, нәтижесін оқу үдерісіне енгізу.

Материалдар мен әдістер. Арнайы және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, интернет желісінің материалдарын теориялық талдау. Қызылорда және Түркістан облыстарының жалпы білім беретін мектептеріндегі жоғары сынып оқушыларына (16-17 жас) сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 900 оқушы қатысты. 2022-2023 оқу жылының 1-академиялық кезеңінде «Бестас» және «Асық» ойындары Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 1-курс студенттеріне дене тәрбиесі сабағында тәжірибе жүзінде өткізілді. Тәжірибеге «Бестас» ойынына көзілдірік киетін 15 қыз бала қатысты. Алынған нәтижелер 2023-2024 оқу жылында ЖОО-на берілген академиялық еркіндік аясында дене тәрбиесі пәнінің жұмыс жоспарына «Бестас», «Асық» ойындары енгізілді.

Нәтижелер. Этноспорт мәдениетінің материалдық және рухани түрлерімен бірге дами отырып өзінің маңызын жоймайды және адамдардың өмірінде ерекше орын алады, сонымен қатар, адамзаттың мәдени мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Ғалымдар арасында этносport жалпы мәдениеттің негізгі және іргелі интеграциялық буынын білдіретін жеке тұлға мен қоғам мәдениетінің алғашқы түрі болып табылады деген пікір бар. Бұл пікірдің шынайылығын растау оның әртүрлі элементтерінің ежелгі дәуірден бастап адамзаттың пайда болуы мен дамуының барлық кезеңдерінде орын алғанын және маңызды рөл атқарғанын көрсететін фактілер болып табылады.

Ғалымдардың қолында бар ақпараттар мен зерттеу нәтижелері этносportтың біздің дәуірімізге дейінгі 40 мың жылдар шамасында пайда болғанын растауға мүмкіндік береді [15, б. 126]. Дене тәрбиесінің мемлекеттік формалары пайда болғанға дейін қарапайым адамдардың өмір сүруі барысында оның элементтерін қолдануы және одан әрі дамуы сол кезеңдегі қоғамда этносportтың аса қажет болғанын көрсетеді. Этноспорттың адам өмірінде алатын маңызы қазіргі қоғамда жоғары бағаланып келеді. Қазіргі жаһандану үдерісінде өркениетті қоғамды елестету өте қиын. Өйткені, өскелең ұрпақтың дене тәрбиесінде халықтық ойындарды бойына сіңіріп өсіруге ерекше мән берілмей келеді. Себебі, Кеңестік кезеңде ұлттық ойындар халық арасында кеңінен танылмай, на-

сихатталмай, кеңестік идеологияның бір бағытта жүргізілуіне байланысты, саяси бұрмаланып үлкен қолдауға ие болмады. Саяси жүйе әр халықтың дәстүрлі ойындарын елеусіз қалдырып, халықтың жадынан әдейілеп ұмыттырып, Олимпиадалық спорт түрлерінің көлеңкесінде қалдыруға тырысты. Уақыт өте келе жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптарынан, салт-дәстүрлерінен құралған кейбір ойын түрлері ұлттық спорт түрлеріне айналып, кеңінен таныла бастады. Біртіндеп ұлттық спорт түрлері бойынша спартакиадалар өткізу жолға қойылды. Халықтың мәдени-рухани құндылықтары көрініс тапқан кейбір ұлттық ойындар КСРО халықтары спартакиадасының бағдарламасына енгізілді.

Қазіргі Олимпиада ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлерінің барлығы ертеректе бір мемлекеттің өздеріне ғана тән ұлттық ойындары болды. Олар уақыт ағымымен ұлттық ойындарын дамытып, барынша насихаттай білді. Соның нәтижесінде ол ойын түрлері әлемге кеңінен танылды. Қазіргі таңда этносport түрлері елімізде және әлемде кең таралып, жылдам қарқынмен дамып келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының көп жылғы жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ұлттық спорт түрлерінен әртүрлі деңгейдегі жарыстар Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Бірыңғай спорттық-бұқаралық күнтізбелік жоспарына енгізіліп, республикалық және халықаралық деңгейде көптеген жарыстар өткізілуде. Осы жарыстарға жоғары деңгейдегі спортшыларды сапалы дайындау бағытында мамандандырылған 8 клуб пен 13 спорт мектептері жұмыс істеуде.

Ұлтымыздың асыл қазынасы саналатын ұлттық спорт түрлерін дамытуға сүбелі үлес қосып жүрген білікті азаматтардың мерейін көтеріп, есімдерін халыққа кеңінен насихаттау мақсатында «Алтын тұғыр» атты ұлттық спорт үздіктерін марапаттау дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл ұлттық спорт түрлерінің мәртебесін көтеріп, жанашырлық танытып жүрген тұлғаларды ынталандыруда ерекше қозғалыс болып табылады.

Елімізде этносport түрлерінің дамуына соңғы 5 жылға салыстырмалы талдау жасасақ 2019 жылы - 399,4, 2020 жылы - 432,4, 2021 жылы - 489,9 адамды құрады [16]. 2022 жылы ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде шұғылданатындар саны 584,1 мың адамды құраса, 2023 жылғы көрсеткіш 619,2 мың адамға дейін өсіп отыр [17]. Ал, 2024 жылы Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан кейін елімізде ұлттық спорт түрлерімен айналысатындар саны күрт артатындығы белгілі. Қазіргі таңда бұл салада 7000-нан астам жаттықтырушы

жұмыс атқарып, жыл сайын мыңнан астам ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп келеді [18]. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дейінгі деректерге көз жүгіртсек, елімізде жыл өткен сайын ұлттық ойындармен шұғылданушылар санының артып келе жатқанын, дүниежүзілік ойынның қазақ жастарына ұлттық рух пен тың серпін бергенін аңғаруға болады. Елімізде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, ұлттық ойындарды насихаттауға, өскелең ұрпақтың бойында ұлттық сананы, мәдениетті, тарихты сіңіруге бағытталған мұндай әлемдік деңгейдегі спорттық іс-шараларды жиі өткізіп тұру қажет деп санаймыз.

Соңғы жылдары ұлттық спорт түрлері тек өз елімізден бөлек, алыс және жақын шет елдерде дамып, еліміздің мәртебесінің көтерілуіне ықпал етуде. 2024 жылы Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өткізілді. Аталмыш шараның ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бірлік пен татулықтың тойы, бұл ұлттық спорт түрлерінен өтетін ең үлкен дода. Оны көшпенділер Олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дала өркениетін жер жаһанға паш етеді. Спорт өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы - халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде танымал. Еліміздің түрлі этнос өкілдері тату тәтті өмір сүріп жатыр», - деп атап өтті [19]. Мемлекет басшысының ұлттық құндылықтарды қолдап, дәстүрімізге ерекше мән беруінің арқасында елімізде көкпар, бәйге, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, күсбегілік секілді ойын түрлері халықаралық деңгейге көтеріліп, аталған спорт түрлерінен әлем және Азия чемпионаттары дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бұл Көшпенділер олимпиадасына 89 елден ұлттық спорт түрлерінен 2500-ден астам спортшылардың қатысуы этносportтың қарқынды дамып келе жатқандығының жарқын көрінісі. Бұл қадам әлемдік деңгейдегі жарыстар этносport түрлерін жан-жақты насихаттап, жаңа сапалық деңгейге көтеруге зор мүмкіндік бергенін атап өтуіміз керек. Сондай-ақ, көкпар мен жамбы атудан Астана қаласында әлем чемпионаты өткізіліп, оған алыс және жақын шет елден үздік командалар қатысты. Әсіресе, АҚШ құрамасының қатысуы байрақты бәсекенің жоғары деңгейде өткенін көрсетеді. Алдағы уақытта ұлттық спорт түрлерінің олимпиадалық ойындар бағдарламасына қосылатынына сенім мол. Оған дәлел Бүкіләлемдік этносport конфедерациясы - әр елдің дәстүрлі спортын насихаттап жүрген 25 федерацияның басын біріктіріп, әр елде форумдар, халықаралық конференциялар мен конгрестер өткізіп, этносportтың

бүкіл әлемде қарқынды дамуына ат салысып келеді. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығы осы бүкіләлемдік этносport конфедерациясына толыққанды мүше болып қабылданды. Бұл алдағы уақытта ұлттық спорттағы отандық жаттықтырушылар, төрешілер мен спортшылардың халықаралық дәрежеде тәжірибе алмасуына, кәсіби біліктіліктерін арттыруына үлкен мүмкіндіктер туады деген сөз.

Аталған конфедерацияның қолдауымен 2019 жылы Алматы қаласында әлемнің 30-дан астам мемлекетінің 150-ге жуық өкілдері қатысқан II Халықаралық этносport форумы өтті [20]. Осы форум аясында еліміздегі этносport саласының дамуына үлес қосып жүрген азаматтар өзекті мәселелерді көтеріп, еліміздегі дәстүрлі спорт түрлері мен ойындарды дамыту, насихаттау бағытында атқарылып жатқан жұмыстары жетекші мамандар тарапынан жоғары деңгейде бағаланды.

Елімізде 2014 жылы қабылданған «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңында ұлттық спорт туралы арнайы бап бар. 2020 жылы осы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, білім берудің барлық деңгейінде жүргізілетін дене шынықтыру сабағында ұлттық спорт түрлерін міндетті ком-

понент ретінде өткізу көрсетілген [21]. Алайда, Заңға енгізілген өзгерістер еліміздің көптеген білім мекемелерінде орындалмай келеді.

Талқылау. Этноспорт түрлерінен жарыстар мен іс-шаралар, халықтың салт-дәстүрлерін насихаттайтын (Наурыз мерекесінде ғана өткізіледі) бұқаралық дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар жүйелі түрде өткізілмейді. Тек ересектер мен жастар арасында ұлттық спорттың жамбы ату, аударыспак, көкпар, қыз қуу, құсбегілік, көкпар, асық ату, тоғызқұмалақ түрлерінен Қазақстан Республикасының чемпионаттары ұйымдастырылып өткізіледі. Ал, мектеп оқушыларына профессор Е.Алимхановтың жүйеге келтіріп, мазмұнын жазып, тізімін жасаған 307 ұлттық спорт және ойын түрлері кең көлемде насихатталмай келеді [6, б. 186]. Біз осы олқылықтың алдын алу және нақты көрсеткіштерді анықтау мақсатында 2023-2024 оқу жылында халық көп қоныстанған (оның ішінде қазақтар) Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы орта мектептеріне кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргіздік (1 кесте). Осы кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында 10-11 сынып оқушыларына (900 оқушы) сауалнама өткіздік (2,3 кесте).

1 кесте - 2023-2024 оқу жылында кәсіби бағдар беру жұмыстары кезінде сауалнама жүргізілген Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы орта мектептері

№	Мектеп атауы	Облысы	Сыныптар	Оқушы саны
1	№24 орта мектеп	Түркістан	10-11	59
2	№31 орта мектеп	Түркістан	10-11	46
3	№27 орта мектеп	Түркістан	11	37
4	№17 орта мектеп	Түркістан	10-11	63
5	№18 орта мектеп	Түркістан	10-11	47
6	№15 орта мектеп	Түркістан	10-11	55
7	№9 орта мектеп	Түркістан	11	36
8	№19 орта мектеп	Түркістан	10-11	27
9	№14 орта мектеп	Түркістан	11	33
10	№21 орта мектеп	Түркістан	10-11	45
11	№26 орта мектеп	Түркістан	10-11	42
12	№ 24 орта мектеп	Түркістан	10-11	50
13	№54 орта мектеп	Қызылорда	10-11	34
14	№239 орта мектеп	Қызылорда	11	12
15	№247 орта мектеп	Қызылорда	11	21
16	№55 орта мектеп	Қызылорда	10-11	36
17	№125 орта мектеп	Қызылорда	11	33

18	№110 орта мектеп	Қызылорда	10-11	41
19	№51 орта мектеп	Қызылорда	10-11	42
20	№192 орта мектеп	Қызылорда	10-11	40
21	№3 орта мектеп	Қызылорда	11	36
22	№86 орта мектеп	Қызылорда	11	29
23	№161 орта мектеп	Қызылорда	10-11	17
24	№180 орта мектеп	Қызылорда	11	19
	Барлығы			900

2 кесте - Түркістан облысы бойынша жүргізілген сауалнама көрсеткіші. n=540

№	Сұрақтар	Ия	Жоқ	Білмеймін
1	Өз ортаңызда ұлттық ойындарды ойнағанды қалайсыз ба?	423	117	
2	Сізге қандай ұлттық ойындар ұнайды?	жазбаша жауап берілді		
3	Мектепте ұлттық ойындар өткізілу керек пе?	376	15	149
4	Сіз асық ойынын ойнайсыз ба? (ұлдар)	250	290	
5	Сіз бестас ойынын ойнайсыз ба? (қыздар)	45	495	
6	Тоғызқұмалақ - қазақтың ұлттық ойыны ма?	520	6	14
7	Наурыз мейрамында қандай ұлттық ойындар ойналады?	жазбаша жауап берілді		
8	«Этноспорт» ұғымын қалай түсінесіз? Этноспорттан қандай жарыстар өткізіледі?	жазбаша жауап берілді		

3 кесте - Қызылорда облысы бойынша жүргізілген сауалнама көрсеткіші. n=360

№	Сұрақтар	Ия	Жоқ	Білмеймін
1	Өз ортаңызда ұлттық ойындарды ойнағанды қалайсыз ба?	120	240	
2	Сізге қандай ұлттық ойындар ұнайды?	жазбаша жауап берілді		
3	Мектепте ұлттық ойындар өткізілу керек пе?	285	50	25
4	Сіз асық ойынын ойнайсыз ба? (ұлдар)	158	202	
5	Сіз бестас ойынын ойнайсыз ба? (қыздар)	55	305	
6	Тоғызқұмалақ - қазақтың ұлттық ойыны ма?	316	9	35
7	Наурыз мейрамында қандай ұлттық ойындар ойналады?	жазбаша жауап берілді		
8	«Этноспорт» ұғымын қалай түсінесіз? Этноспорттан қандай жарыстар өткізіледі?	жазбаша жауап берілді		

Түркістан облысының мектеп оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесіне талдау жүргізсек: «Өз ортаңызда ұлттық ойындарды қалайсыз ба?» - деген сұрақ бойынша 540 оқушының 127 ұлттық ойындарды ойнағанды қаламайтынын білдірген.

«Сізге қандай ұлттық ойындар ұнайды?» - деген сұраққа 384 оқушы «Асық», «Тоғызқұмалақ», «Қазақ күресі», «Арқан тартыс», «Көкпар» ойындарын атап көрсеткен. 26 оқушы мүлдем ұнатпайтынын, ал, 149 оқушы «білмеймін» деп жауап берген.

«Мектепте ұлттық ойындар өткізілу керек пе?» - деген сұраққа 376 оқушы ұлттық ойындардың мектеп бағдарламасында болғанын, жүйелі түрде өткізілгенін қаласа, 15 оқушы өткізу керек еместігін, 149 оқушы жауап беруге қиналған.

Ер балдарға қойылған «Асық ойнайсыз ба?» - деген сұрақ бойынша 250 оқушы ойнайтыны, 290 оқушы ойнамайтынын атап көрсеткен.

Қыз балалардың «Бестас» ойынына деген қызығушылығы өте төмен дәрежені көрсетті. Бұл көрсеткіш бестас ойыны мектепте мүлдем өткізілмейтінін және насихатталмайтынын көрсетеді.

Оқушылар «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойын екенін 520 оқушы атап өткен. Ал, 6 оқушы «жоқ», 14 оқушы «білмеймін» деп жауап берген. Үш мектепте тоғызқұмалақ қандай ойын екенін бізден сұраған оқушылар да кездесті. Бұл көрсеткіште «тоғызқұмалақ» ойынын тиісті дәрежеде насихатталып, мектептерде тоғызқұмалақ үйірмесінің жүйелі түрде өткізілмейтінін көрсетеді.

Бұл сұрақ бойынша барлық оқушылар наурыз мейрамында «Көкпар», «Бәйге», «Қазақ күресі», «Асық ойыны», Тоғызқұмалақ», «Алтыбақан», «Арқан тарту» ойындарын атап өткен. Бұл наурыз мерекесі бүкілхалықтық мейрам болғандықтан дәстүрлі ойындардың өткізіліп, оны оқушылар тікелей көзбен көріп, қызығушылық танытып, қатынасқаннан білетіндіктерін көрсетеді.

Жазбаша жауаптарды саралау барысында «Этноспорт» ұғымын 320 оқушы ұлттық спорт түрлерімен байланыстырған. 120 оқушы жауап жазбаған, 100 жауап беруге қиналатындықтарын көрсеткен. Бұл көрсеткіш арқылы оқушыларға этноспорт ұғымын түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігін байқаймыз.

Қызылорда облысының мектеп оқушыларынан алынған сауалнама нәтижесіне талдау барысында оқушылардың басым бөлігі 1-сұраққа - «Асық», «Тоғызқұмалақ» ойынын атап өткен. 2-сұраққа - «Көкпар», «Арқан тартыс», «Ләңгі» ойындары ұнайтынын көрсеткен. 3-сұраққа 245 оқушы мектепте ұлт ойындардың өткізілгенін қаласа, 90 оқушы қажет емес деп нақты көрсеткен. Ал, 25 оқушыға мектепте ұлт ойындары өткізілсе де өткізілмесе де бәрі-бір. Бұл көрсеткішті талдай отырып, ұлт ойындарының мектептерде әлі де жүйелі түрде насихатталмайтынына көз жеткіздік. 4-сұрақ бойынша - «Асық» ойынына деген оқушылардың қызығушылығы жоғары. 248 оқушы асық ойынын ойнайтындықтарын атап өткен. Алайда, 15-тен астам асық ойындарының түрлері мен ережелері анықталып, мектеп бағдарламасына ұсынылса да дене шынықтыру мұғалімдері тарапынан немқұрайлылық басым. Асық ойындарында оқушы 30-дан астам

қимыл-әрекетке қатысады. Біз асық ойындарының мазмұны мен ережесін қайта қарап шыққанымызда баланың зерек болуына, ойы ұшқыр, тез шешім қабылдауына, өзара қарым-қатынасты нығайтып, достыққа, ұйымшылдыққа, бір-біріне көмек беруге тәрбиелейтініне көз жеткіздік. Ал, «Бестас» ойынын ойнайсыз ба? - деп қыздарға қойылған сұраққа 305 оқушы «жоқ» деп жауап берді. Бұл оқушылардың бестас ойынынан мүлдем хабарсыз екенін көрсетеді. 6-сұрақ бойынша - 9 оқушы тоғызқұмалақ ойыны қазақтың ұлттық ойыны екендігінен бейхабар, 35 оқушы мүлдем білмейтінін көрсетті. Қазақ халқы тығыз орналасқан өңірде тоғызқұмалақтың ұлттық ойын екендігінен хабарсыз болу мектеп мұғалімдері үшін үлкен сын. 7-сұрақ бойынша - оқушылар «Аударыспак», «Қошқар көтеру», «Бұқа тартыс», «Ләңгі», «Асық ойыны», «Теңге ілу», «Арқан тартыс», «Алтыбақан», «Гір тасын көтеру» сияқты ойын түрлерін атап көрсеткен. 8-сұрақ бойынша - Түркістан облысына қарағанда біршама жоғары деңгей көрсетті. 320 оқушы этноспорт ұғымын ұлттық ойындармен байланыстырып, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, көкпар, аударыспак, садақ ату, теңге ілу, құсбегіліктен жарыстар өткізілетінін атап өтті. 40 оқушы жауап бермеген. Жалпы екі облыс бойынша сауалнама көрсеткіштерін талдау нәтижелері көрсеткендей ұлттық ойын түрлері мектеп оқушылары арасында кеңінен танымал емес. Бұл өте үлкен мәселе. Ал, қазақ халқы аз қоныстанған солтүстік облыстардағы көрсеткіш мүлдем төменгі деңгейді көрсетеді деп ойлаймыз. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындарын мектеп бағдарламасына енгізіп, жүйелі түрде сабақ ретінде жүргізбей халық арасында танымалдығын арттыра алмаймыз.

Көптеген авторлардың еңбектерінде спорттың мәдени-рухани мәнін, әр ұлттың ойындарын насихаттау, халыққа тарату, ұлттық ойындарды халықты ұйыстыратын негізгі құрал ретінде қолдану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, спорттың құрылымын жақсарту және әлем халықтарының мәдени құндылықтарын насихаттау бағытындағы ақпарат аясын кеңейту туралы айтылады. Мысалы, Канар аралдарының барлық мектептерінде этномәдени ойындар өткізіледі, олардың бағдарламасы дәстүрлі қимыл белсенділігінен тұрады: қаппен жүгіру, арқан тарту, ұзын бөрене үстінде жүгіру жарыстары, түрлі қимылдармен билеу және басқа да көңілді ойындар. Қытайда этникалық аз халықтардың дәстүрлі ойындары бар. Олардың бағдарламасына жүгіру, арқан тарту, қайықпен жүзу, айдаһар ойыны, әйелдердің себетке түрлі қашықтықтан доп тастау жарысы, садақ ату және т.б. ойын түрлері кіреді. Чилиде карнавалдық шерулер мен дәстүрлі

ойындар өткізіледі. Олар: ат жарысы, асау бұқаға міну, күрес, ұлттық би, батпырауық ұшырудан тұрады. Осы мәдени мұралардың, ойындардың, салт-дәстүрлердің барлығы және олардың сан алуандығы сол жерде тұратын халықтың орналасу аймағына, әдет-ғұрыптар мен мәдениетімен тығыз байланысты. Осы бағытта зерттеу жүргізген бірқатар авторлар оқу және тәрбие үдерісінде білім алушының жеке қасиеттерін дамытуда халықтың салт-дәстүрлерінің, мәдениетінің, ұлттық құндылықтарының, оның ішінде ұлттық ойындарының алатын орнын өз еңбектерінде ерекше атап өтеді.

Қазақстан көп ұлтты ел ретінде түрлі этносportтық ойындарға бай ел болып саналады. Әлемнің кез келген халқы сияқты, Қазақстанда да ұлттық спорт түрлерінен өткізілетін іс-шаралар ересектер арасында жүйелі түрде өткізіліп келеді. Алайда, ойындардың көп жылдық тарихы болса да, олар еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жаңғырып, халық арасында таныла бастады. Мұндай спорттық іс-шаралар халыққа ойын-сауық неме-

се денсаулықты нығайту құралы ретінде қызмет етеді. Ғасырлар бойы өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасқан ортаға әлеуметтік-саяси өзгерістерді үздіксіз енгізуге тырысқан Кеңестік идеологияның қазақ халқына бірден сіңіп кетпеуі қазақ халқының рухының күштілігін көрсетеді. Мұндай педагогикалық әсер ету жолдары мен әдістемелерін ұлттар арасында енгізу үшін алдымен әр этностың өмір сүру ерекшелігін ескеру қажеттілігін көрсетеді.

Әр түрлі табиғи, тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар Қазақстанның жекелеген аудандарының экономикасы мен тұрмыс деңгейінің көптеген ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайлар халық ойындарының қарқынды дамуына әсер ететінін анықтадық. Көшеде, аулада, ауылдың шетінде тегіс алаңдар көп кездесетін Қазақстанның дала кеңістігінде қазақтың дәстүрлі еңбек-тұрмыс, салт, ойын-сауық ойындарын ұйымдастырып, өткізуге мүмкіндік беретін ойын түрлерін саралап, арнайы іріктедік (4 кесте).

4 кесте - Баланың қимыл белсенділігі мен ой-өрісін дамытатын қазақтың ұлттық ойындарының жіктелуі.

Халықтың еңбек-тұрмыс салтын бейнелейтін ойын түрлері	Ойын атауы
Тепе-теңдікті дамытатын (координациялық) ойындар	«Ағаш аяқ», «Жауынгер әтештер», «Салт аттылар», «Қораздар сайысы»
Егіншілікке, бау-бақшаға байланысты ойындар	«Бақшадағы қоян», «Қияр», «Тары», «Қарақұмық»
Құстар мен жануарлардың және аңшылық қимыл-әрекеттерін көрсететін ойындар	«Аңдар жарысы», «Арықтағы қасқыр», «Мысық пен тышқан», «Секіргіш торғайлар», «Қасқыр қақпан», «Аңшылар мен үйректер», «Жаяу көкпар», «Түлкі мен тауық», «Аш қасқыр», «Қара сиыр», «Түйе мен бота»
Табиғи құбылыстарды бейнелейтін ойындар	«Күн мен түн», «Жаңбыр жауды», «Жер, теңіз, ауа», «Мырыш»
Еңбектің әртүрлі көріністерін бейнелейтін ойындар	«Көгі-гөк», «Зат жинау», «Диірмен»
Тарихи оқиғаларды, әлеуметтік және отбасылық қатынастарды сипаттайтын ойындар	«Бекіністі қорғау», «Қаһарлы Бану», «Қақпан», «Қамал күзету», «Бес-бестен шабуылдау», «Шабуылға шық», «Қызыл жалау», «Түйілген орамал»
Дәлдік, ептілік, мергендік қасиеттерді дамытатын ойындар	Асық ойындары: «Құмарлық», «Асықты тігіп ойнау», «Хан талапай», «Төрт асық», «Төрт асық», «Алшы ойыны», «Хан ату», «Кетсін бір», «Көк шолақ», «Хан ойыны», «Атбақыл», «Үштабан», «Алты атар», «Тас қала», «Табан», «Бестас», «Қақпақыл», «Тоғызтас»

Кестеде көрсетілген ойындардың ішінде «Асық» және «Бестас» ойындарына арнайы тоқталып, асық ойынында 30-дан астам қимыл-қозғалыс, ойлау, есептеу түрлері бар екенін тәжірибе жүзінде анықтадық. Бұл қимыл-әрекеттер арқылы баланың ойлау, дәлдік, тез шешім қабылдау, жылдамдық,

ептілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік мол. Ал, қыз балалар ойнайтын «Бестас» ойыны арқылы ептілік, дәлдік, алу, қосу амалдарын үйреніп, көз жанарын сақтауға, жетілдіруге таптырмас құрал екендігін аңғардық. «Бестас» және «Асық» ойынын Халықаралық туризм және меймандостық

университетінің 1-курс студенттеріне дене тәрбиесі сабағында тәжірибе жүзінде өткіздік. Тәжірибеге «Бестас» ойынына көзілдірік киетін 15 қыз баланы қатыстырдық. Тәжірибе 2022-2023 оқу жылының 1-академиялық кезеңінде жүргізілді. «Бестас» ойынына жүйелі түрде қатысқан студент қыздар ойынның көз бұлшық еттерін жаттықтыруға пайдалы екендігін атап өтті. Бұл алынған оң нәтижені және студент жастардың ұсыныстарын ескеріп 2023-2024 оқу жылында ЖОО-на берілген академиялық еркіндік аясында дене тәрбиесі пәнінің жұмыс жоспарына «Бестас», «Асық» ойындарын енгіздік.

Бұл халық ойындарының спорт ойындарынан ерекшелігі - күрделі жабдықтар мен арнайы алаңдарды қажет етпейді. Олар кең көшеде, таза ауада, тегіс алаңдарда және жазық далада ойнай беруге болады. Сонымен қатар, ұлттық ойындарды өткізуде қатысушылар санына, жасына шек қойылмайды, арнайы құрал-жабдықтарды, стандартты алаңдар мен арнайы спорт киімін талап етпейді, ойынның ережесі мен мазмұнын әртүрлі нұсқаларды қарастыру арқылы өзгертуге болады, ойын уақытын ұзартып-қысқартуды жетекші өзі шеше алады.

Дәстүрлі мәдениет, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қарапайым ұлттық ойын түрлерімен шектелмейтінін есте ұстаған жөн, өйткені, мұндай этникалық айырмашылықтар мен ұлттық құндылықтарды барлық этностар мен ұлттардың өміріне негізсіз ендіру, насихаттау этникалық ұлтшылдық пен мәдени сепаратизмнің радикалды түрлерінің белең алуына әкелуі мүмкін.

Қорытынды. Қорыта келе, этносport - өзінің тарихи даму, әлеуметтік-мәдени тұрғысынан рухани байлықты, моральдық тазалықты және дене белсенділігін біріктіретін үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуына ықпал ете беретіндігі сөзсіз. Біздің зерттеу нәтижелеріміз еліміздегі жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі пәнінің жұмыс жоспарына «Бестас», «Асық» ұлттық спорт ойындарын батыл енгізу ұлттық болмысымызды айқындаудың, ұлттық спорт түрлерін насихаттаудың ең тиімді жолы екендігін көрсетті.

Біздің зерттеу жұмысымызды жүзеге асыруда Түркістан және Қызылорда облыстарының жалпы білім беретін мектептерінің жоғары сынып оқушыларына жүргізген сауалнаманың және мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдерімен өткен сұхбаттардың нәтижесі мәселенің күрделі екендігіне назар аудартып, тәжірибе жұмыстарын жүргізіп, алынған көрсеткіштерді оқу үдерісіне енгізу бағытында ұсыныстар дайындауға ықпал етті. Сауалнамаға қатысқан оқушылардың жауаптарын жан-жақты сараптау негізінде және ЖОО-ғы

«Дене шынықтыру және спорт» БББ-сын талдау нәтижелері келесідей тұжырым жасауымызға негіз болды:

- мектептерде бастауыш сыныптан бастап ұлттық ойын түрлерін өткізуге басымдық берілу керек. Себебі, жоғары сынып оқушылары қазіргі білім беру жүйесіне сәйкес бірыңғай ұлттық тестке (ҰБТ) дайындалуларына көп уақыт бөлулеріне байланысты дене тәрбиесі сабағына тиісті деңгейде назар аудармайтындықтарын аңғардық. Бұл сайып келгенде өскелең ұрпақтың ұлттық ұстынды биік ұстауына, ұлт құндылықтарын ұлықтауына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, ұлттық ойындарды балабақша мен бастауыш сыныптан бастап баланың санасына сіңіру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы тарапынан арнайы бағдарлама жасалып, баланың қимыл белсенділігі мен ой-өрісін дамытатын ұлттық ойындарды жас ерекшеліктеріне сәйкес жіктеп, оқу үдерісіне енгізу бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуі тиіс деп санаймыз;

- қазіргі ЖОО-да оқытылып жатқан дене тәрбиесі және спорт педагогикасы пәнінде дене тәрбиесінің этнопедагогикасына арналған тақырыптық материалдар, деректер, мәліметтер кездеспейді. Осы олқылықтың салдарынан этнопедагогикалық тәрбие беру дене тәрбиесі тарихында болмағандай саналып отыр. Осындай кемшіліктер салдарынан өзге елдің мәдениеті мен дәстүрлерінің санамызға дендеп еніп, әсер етуіне жол ашылады;

- қазіргі таңда дене тәрбиесі мен спорттың қоғамда алатын өзіндік орны бар. Дене мәдениеті және спорт саласы бойынша арнайы мамандар даярлайтынын ескеріп, еліміздегі ЖОО-да оқытылатын «Дене мәдениеті және спорт педагогикасы» пәніне қосымша элективті пән ретінде «Дене мәдениеті және спорттың этнопедагогикасы» пәнін енгізуді қажет деп санаймыз. Өйткені, әр этностың ерекшелігі, дене тәрбиесі, қазақтың ұлттық ойындары мен дене жаттығулары жөнінде білім беру дене мәдениеті педагогикасын толыққанды оқытуға және этноспорт түрлерінен кең көлемде мағлұмат беруге, ұлттық құндылықтарды жан-жақты дәріптеуімізге жол ашып, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Зерттеудің мақсатында атап өткеніміздей, елімізде этносportты дамыту, жандандыру бағытында бірнеше ұсыныстарымызды атап өтеміз:

елімізде 40-қа жуық ипподром болғанымен, олардың барлығы халықаралық жарыстар өткізуге талапқа сай емес. Этноспорт түрлерінен оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарды қыс мезгілінде өткізу үшін халықаралық стандарттарға сай жабдықталған инфрақұрылым мәселесін түбегейлі шешу;

ұлттық спорт түрлеріне ғылыми негіздеме беру;
баспасөз ақпарат құралдарында ұлттық спортты кеңінен насихаттау, түрлі телеарна, баспасөз, сайт мамандары ұлттық спортты танытуға негізделген тың идеялар мен бағдарламаларды ұсыну;

- ұлттық спорт түрлері қауымдастығының жетекші мамандары ЖОО-мен байланыс орнатып, арнайы мамандар даярлау бойынша оқу бағдарламасын даярлау.

Бұл ұсыныстарымыз күзиретті органдар тарапынан қолдау тауып, жүзеге асырылса елімізде этносport түрлері қарқынды дамитындығына сенім мол. Сонымен қатар, әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге құрметпен қарайтын, туған халқының тілін, дінін, мәдениетін, тарихын, ұлттық ойындарын құрметтейтін, ұлттық қасиеттерді қадірлейтін саналы ұрпақты тәрбиелеуге үлкен мүмкіндіктер туатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ооржак С.Я., Ооржак Х.Д.-Н. Этнопедагогика и этнопедагогические исследования (осмысление теоретико-методологических подходов): монография. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – 140 с.
- 2 Хухлаева О.В., Кривцова А.С. Этнопедагогика: учебник для вузов. - Москва: Издательство «Юрайт», 2024. - 333 с. URL: <https://urait.ru/bcode/535884>.
- 3 Шаалы А.С., Дамба Н.Ч., Муннзук Т.Т., Марюхина В.В., Ооржак А.Б. Этнопедагогические идеи тувинского народа а воспитании: теория и практика: монография. - Кызыл: Издательство ТГУ, 2020. – 174 с.
- 4 Латышина Д.И., Хайруллин Р.З. Этнопедагогика: учебник СПО. – изд. 2-е, перер. и доп. – Москва: Издательство «Юрайт», 2025. – 394 с. URL: <https://urait.ru/bcode/562287>.
- 5 Баймурзина В.И. Общая этнопедагогика: методология, теория, практика: монография. – СПб.: Изд-во «Социально-гуманитарное знание», 2016. – 440 с.
- 6 Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 250 б.
- 7 Кусманбекова А.С., Джекенев П.С. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы: оқулық. – Алматы: «Альманахъ», 2023. – 232 б.
- 8 Makhambetov Y., Baikenzheyeva A., Kassymov S., Yessirkepov Zh., Kurmanbaev R. Opinions about the content of the anatomy course of future physical education teachers and their ability to apply what they have learned in professional activities // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. - №16(6). - pp. 3385-3393. DOI:10.18844/cjes.v16i6.6585.
- 9 Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика: оқулық. - Алматы: РПБК «Дәуір», 2014. – 336 б.
- 10 Шотаев М.Е. Түркі халықтарының зияткерлік ойындарын зерттеудің алдағы міндеттері / Халық. ғыл.-практ. конф. «Көшпенді халық: тарих, таным, тағылым»: мат. – Алматы: «Smart University Press», 2024. - Б. 78-84.
- 11 Абдыбекова Н.А. Национальные игры кочевых народов как ключевой фактор межкультурной коммуникации народов мира / Междунар. научн.-практ. конф. «Кочевники: история, знания, уроки»: мат. – Алматы: «Smart University Press», 2024. – С. 252-254.
- 12 Алимханов Е., Мадиева Г.Б. Қазақтың дәстүрлі ойындары мен спортының даму кезеңдері және қазіргі қоғамдағы орны / XXVIII Халық. ғыл. конф. «Олимпиадалық спорт және барлығына арналған спорт»: мат. - Алматы: «Smart University Press», 2024. - Б. 51-55.
- 13 Саралаев М.К., Манликова М.Х. Всемирные игры кочевников – фактор укрепления мира и дружбы между народами / XXVIII Междунар. науч. конф. «Олимпийский спорт и спорт для всех»: мат. - Алматы: «Smart University Press», 2024. - С. 66-70.
- 14 Дюсембинова Р.Қ., Бөжиг Ж., Сармантаев А.С., Тулеужанова Қ.Ә., Аяпбергенова Г.С. Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2023. - №1(71). – Б. 122-130. DOI: 10.48114/2306-5540_2023_1_122.
- 15 Ержанов С.Ө. Этноспорттың Қазақстанда дамуы / Респ. ғыл.-практ. конф. «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары»: мат. – Қызылорда: «Жиеней БУ», 2022. - Б. 126-128.
- 16 Ұлттық спортпен айналысатындардың саны 500 мыңға жақындады. https://kaz.inform.kz/news/ulattyk-sportpen-aynalysatyndardyn-sany-500-mynga-zhakyndady_a3923613/ (қолданылған күні: 25.03.2024).
- 17 Қазақстанда жарты миллионнан астам адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады. <https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-kansha-adam-ultik-sportpen-shugildanadi-a0891a/> (қолданылған күні: 20.03.2024).
- 18 Қуатбеков Ш.Н. Ұлттық ойындар - ұлттық құндылықтар негізі // Ізденіс КЗ. - 2024. - №12(76). – Б. 16-19.
- 19 Токаев Қ.К. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-v-duniezhu-zilik-koshpendiler-oyyndarynyn-ashylyu-saltanatynda-soylegen-sozi-884145> (қолданылған күні: 28.01.2025).
- 20 Жаубай Е. Алматыда II Бүкіләлемдік этносport форумы басталды. https://baq.kz/almatyda-ii-b-kil-lemdik-etnosport-bastaldy_18844/ (қолданылған күні: 20.12.2024).
- 21 Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» туралы Заңы. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (қолданылған күні: 01.02.2025).

References

- Oorzhak S.Ja., Oorzhak H.D.-N. Jetnopedagogika i jetnopedagogicheskie issledovaniya (osmyslenie teoretiko-metodologicheskikh podhodov): monografiya. – Cheboksary: ID «Sreda», 2020. – 140 s.
- Huhlaeva O.V., Krivcova A.S. Jetnopedagogika: uchebnik dlja vuzov. – Moskva: Izdatel'stvo «Jurajt», 2024. – 333 s. URL: <https://urait.ru/bcode/535884>.
- Shaaly A.S., Damba N.Ch., Munnzuk T.T., Marjuhina V.V., Oorzhak A.B. Jetnopedagogicheskie idei tuvinskogo naroda a vospitanii: teorija i praktika: monografiya. – Kyzyl: Izdatel'stvo TGU, 2020. – 174 s.
- Latyshina D.I., Hajrullin R.Z. Jetnopedagogika: uchebnik SPO. – izd. 2-e, perer. i dop. – Moskva: Izdatel'stvo «Jurajt», 2025. – 394 s. URL: <https://urait.ru/bcode/562287>.
- Bajmurzina V.I. Obshhaja jetnopedagogika: metodologija, teorija, praktika: monografiya. – SPb.: Izd-vo «Social'no-gumanitarnoe znanie», 2016. – 440 s.
- Alimhanov E. Kazaktyn ылтык halyk ojyndary men sportynyn teorijalyk zhane pedagogikalыk negizderi: monografiya. – Almaty: Kazak universiteti, 2018. – 250 b.
- Kusmanbekova A.S., Dzhekenov P.S. Dene shynyktуru zhane sport pedagogikasy: okulyk. – Almaty: «Al'manah», 2023. – 232 b.
- Makhambetov Y., Baikenzheyeva A., Kassymov S., Yessirkepev Zh., Kurmanbaev R. Opinions about the content of the anatomy course of future physical education teachers and their ability to apply what they have learned in professional activities // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. – №16(6). – pp. 3385-3393. DOI:10.18844/cjes.v16i6.6585.
- Kukushin V.S., Kaliev S. Jetnopedagogika: okulyk. – Almaty: RPBK «Daur», 2014. – 336 b.
- Shotaev M.E. Turki halyktarynyn zijatkerlik ojyndaryn zertteudin aldagy mindetteri / Halyk. gyl.-prakt. konf. «Koshpendi halyk: tarih, tany, tagylym»: mat. – Almaty: «Smart University Press», 2024. – B. 78-84.
- Abdybekova N.A. Nacional'nye igry kochevyh narodov kak kljuchovoj faktor mezhkul'turnoj kommunikacii narodov mira / Mezhdunar. nauchn.-prakt. konf. «Kochevniki: istorija, znaniya, uroki»: mat. – Almaty: «Smart University Press», 2024. – S. 252-254.
- Alimhanov E., Madieva G.B. Kazaktyn dastyrlı ojyndary men sportynyn damu kezenderi zhane kazirgi kogamdagy orny / HHVIII Halyk. gyl. kong. «Olimpiadalyk sport zhane barlygyna arnalgan sport»: mat. – Almaty: «Smart University Press», 2024. – B. 51-55.
- Saralaev M.K., Manlikova M.H. Vsemirnye igry kochevnikov – faktor ukreplenija mira i družby mezhdu narodami / HHVIII Mezhdunar. nauch. kong. «Olimpijskij sport i sport dlja vseh»: mat. – Almaty: «Smart University Press», 2024. – S. 66-70.
- Djusembinova R.K., Bozhig Zh., Sarmantaev A.S., Tuleuzhanova K.A., Ajapbergenova G.S. Dene shynyktуru sabaktarynda bastaуsh synyp okushylarynyn tanyndyk belsendilikterin ulttyk ojyndar arkyly kalyptastyru // Dene tarbiesinin teorijasy men adistemesi. – 2023. – №1(71). – B. 122-130. DOI: 10.48114/2306-5540_2023_1_122.
- Erzhanov S.O. Jetnosportyn Kazakstanda damuy / Resp. gyl.-prakt. konf. «Zhogary oku oryndary men kolledzh, mektepterde dene tarbiesi kuraldary arkyly zhastardyn ruhani intellektualdyk dengejin kalyptastyru zholdary»: mat. – Kyzylorla: «Zhienaj BY», 2022. – B. 126-128.
- Ulttyk sportpen aynalysatyndaryn sany 500 mynga zhakyndady. https://kaz.inform.kz/news/ulttyk-sportpen-aynalysatyndaryn-sany-500-mynga-zhakyndady_a3923613/ (koldanylan kyini: 25.03.2024).
- Kazakstanda zharty millionnan astam adam ulttyk sport turlerimen aynalysady. <https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-kansha-adam-ulttyk-sportpen-shugildanadi-a0891a/> (koldanylan kyini: 20.03.2024).
- Kuatbekov Sh.N. Ulttyk ojyndar – ulttyk kundylyktar negizi // Izdenis KZ. – 2024. – №12(76). – B. 16-19.
- Tokaev K.K. V Duniezhuilik koshpendiler ojyndarynyn ashylu saltanatynnda sojlegen sozi. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-v-duniezhuilik-koshpendiler-ojyndarynyn-ashylu-saltanatynnda-sojlegen-sozi-884145> (koldanylan kyini: 28.01.2025).
- Zhaubaj E. Almatyda II Bykilalemdik jetnosport forumy bastaldy. https://baq.kz/almatyda-ii-b-kil-lemdik-etnosport-bastaldy_18844/ (koldanylan kyini: 20.12.2024).
- Kazakstan Respublikasynyn «Dene shynyktуru zhane sport» turaly Zany. 2014 zhylygy 3 shildedegi № 228-V KRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (koldanylan kyini: 01.02.2025).

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Рыскалиев Саят Нурболатович – PhD, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: sayat813@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7552-5088	Рыскалиев Саят Нурболатович – PhD, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, г. Уральск, Республика Казахстан, e-mail: sayat813@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7552-5088	Ryskaliyev Sayat – PhD, M.Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Republic of Kazakhstan, e-mail: sayat813@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7552-5088

¹Түлегенов Ш.Т.^а, ¹Түлегенова Ж.А., ²Желтобрюх С.А.

¹КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті», Көкшетау, Қазақстан

²А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Түлегенов Шахарбек Түлегенович, Түлегенова Жанат Аманжоловна, Желтобрюх Сергей Алексеевич

Ауыл мектептеріндегі дене тәрбиесі және спорт нәтижелеріне әсер ететін сыртқы факторларды салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Ғылыми мақалада мектеп жасындағы оқушылардың және сол оқушылардың жоғарғы білім алу бағдарламасы бойынша университетте білім алу кезеңіндегі дене тәрбиесімен спорттағы жетістіктеріне әсер ететін сыртқы факторлар талданған. Спорттағы жетістік көпфакторлы екенін ескере отырып, дене мәдениеті және спорт саласының ауыл мектептері және жоғарғы оқу орнындағы заманауи күйі анықталған. Спорттық жарыстарға қатысу деңгейі, сабақ өткізу сапасы, мұғалімнің кәсіби деңгейі, материалды-техникалық жабдықтау және тағы басқаларын факторлы талдау арқылы кері әсер ету деңгейі анықталып, болдырмау жолдары қарастырылған. Әлеуметтік зерттеуге Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университетінде «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарынан (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау облыстары) келген педагогикалық мамандықтарының студенттері қатысқан. Таңдалған респонденттердің 75 пайызы ауыл мектептерінен келгендер. Мектеп оқушыларының дене шынықтырумен айналысу мотивін қалыптастыру арнайы ұйымдастырушылық формаларды, дене тәрбиесінің құралдарын, әдістерін қолдану факторларымен тікелей байланысты екендігі анықталды.

Түйін сөздер: мектеп жасы, ауыл мектебі, дене тәрбиесі, спорт, спорттық жетістіктер, факторлар, «Серпін» бағдарламасы.

Tulegenov Shakharbek Tulegenovich, Tulegenova Zhanat Amanzholovna, Zheltobryukh Sergey Alekseevich

Comparative analysis of external factors affecting physical education and sports outcomes in rural schools

Abstract. The scientific article examines the external factors influencing the physical culture and sports achievements of schoolchildren who have become students of educational programs at the university. Given that success in sports is multifactorial, the current state of physical education and sports in rural schools and higher educational institutions was determined. The ways of preventing negative influence through factor analysis of the level of participation in sports competitions, the quality of classes, the professional level of teachers, material and technical equipment, etc. are identified and considered. The sociological study was attended by students of pedagogical specialties from the southern and western regions of Kazakhstan (Kyzylorda, South Kazakhstan, Zhambyl, Atyrau and Mangystau regions) under the state program "Serpin" of Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov. 75 percent of the selected respondents were from rural schools. It has been established that the formation of motivation among schoolchildren to engage in physical education is directly related to the factors of using special organizational forms, means, and methods of physical education.

Key words: school age, rural school, physical culture, sports, sports achievements, factors, "Serpin" program.

Түлегенов Шахарбек Түлегенович, Түлегенова Жанат Аманжоловна, Желтобрюх Сергей Алексеевич

Сравнительный анализ внешних факторов, влияющих на результаты физического воспитания и спорта в сельских школах

Аннотация. В данной статье исследуются внешние факторы, влияющие на физкультурно-спортивные достижения школьников, поступивших в университетские образовательные программы. С учетом многофакторности успеха в спорте проведен анализ современного состояния физической культуры и спорта в сельских школах и вузах. Выявлены и рассмотрены пути минимизации негативного влияния различных факторов с помощью факторного анализа уровня участия в спортивных соревнованиях, качества учебных занятий, профессиональной подготовки педагогов, материально-технического обеспечения и других аспектов. В социологическом исследовании приняли участие студенты педагогических специальностей из южных и западных регионов Казахстана (Кызылординская,

Туркестанская, Жамбылская, Атырауская и Мангистауская области), обучающиеся по государственной программе «Серпін» в Кокшетауском университете им. Ш. Уалиханова. 75 % респондентов – выпускники сельских школ. Результаты исследования подтвердили, что формирование мотивации школьников к занятиям физической культурой напрямую зависит от применения специальных организационных форм, методов и средств физического воспитания.

Ключевые слова: школьный возраст, сельская школа, физическая культура, спорт, спортивные достижения, факторы, программа «Серпін».

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым, әрбір жолдауларында бұқаралық және балалар спортына басты назар аударып келеді. Осы жолы да «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында алтыншы басымдылық етіп осы мәселені көрсетті. 2024 жылы екінші қыркүйекте айтылған сөзінде «...онсыз дені сау жастарды тәрбиелеу мақсатына жету және барлық ұлт денсаулығын нығайту мүмкін емес», деп көрсетті. Сонымен бірге осы бағытқа қарқынды импульс беру үшін заңға өзгерістер енгізу керек екендігі туралы Мәжіліс депутаттарына тапсырма берілді [1]. Жолдаманы іске асыру мақсатынан туындаған дене тәрбиесі және спорт саласының аталған мәселелері зерттеудің өзектілігін анықтап берді.

Зерттеу мақсаты – ауыл мектептерінде және жоғарғы оқу орнында спорттағы жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторларды анықтау арқылы дене тәрбиесінің тиімділігін арттыруға қажетті әлеуметті-педагогикалық қорытындылар жасау.

Зерттеу міндеттері:

1. Мектеп жасында спорттық жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторлардың деңгейін анықтау.
2. Жоғарғы білім алу кезеңіндегі факторлардың өзгеруін және әсерін салыстыру.
3. Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы ғылыми тұжырымдама жасау.

Материалдар мен әдістер. Президенттің барлық жолдаулары және Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдардағы дене мәдениеті және спорттың дамуы жөніндегі концепциясы, мектеп дене тәрбиесі саласындағы іс-шараларды ұйымдастыруға, басқаруға қажетті дерективті құжат түрінде қаралып зерттеу жоспарын құруға, әдістерін таңдауға негіз болды [2]. Спортта жетістіктер қай уақытта да көпфакторлы құбылыс, яғни ондағы нәтижелер кешенді факторларға негізделген. Спорт саласына, оның ішінде бұқаралық және балалар спортына тікелей немесе жанама әсер ететіндері бірнеше факторларға бөлінеді [3]. Солардың ішіндегі тақырыптың өзектілігін анықтайтын ауқымды бір фактор: спорттық қозғалыстың ауқымы және оның қоғамда дамуына қажетті қоғамдағы әлеуметтік күйлеріне ғылыми зерттеу ұйымдастырылды.

Зерттеу жұмысында «сауалнама» әдісіне кіретін, белгілі бір қоғамдағы мәселе бойынша мінез-құлық

мотивін, не істегісі келетінін, не істейтінін, пікірін зерттеуге мүмкіншілік беретін ғылыми әдістердің бірі анкета (жазбаша сұрақ-жауап) қолданылды. Анкетаға «ҚР Білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі және спорт жағдайы» тақырыбы бойынша КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» қабырғасында білім алып жүрген барлық бірінші курс студенттері - «генералды жиынтығынан», «тандалған жиынтық» түрінде педагогикалық мамандықтарда оқитын 300 студент таңдап алынды [4]. Жоғарғы білім алушылар аталған университетте «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарынан (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау облыстары) келген қазақ тілі және әдебиет, тарих, география және т.б. білім беру бағдарламасының студенттері. Тандалған респонденттердің 75 пайызы ауыл мектептерінен келгендер.

Анкета сұрақтары бүгінгі күні студент болған кешегі мектеп оқушыларының мүмкіншіліктерін ескере отырып құрастырылды. Барлық жұмыс, қойылған 12 сұрақтарға шын және толық жауаптар алуға бағытталған.

Анкета жүргізу зерттеушілер мен респонденттердің тікелей байланысы арқылы жүргізілді, яғни екіншілер біріншілердің көзінше жазбаша жауаптарын берді. 12 сұрақтардың құрамында фактілер, мотивтер туралы, шартты, жабық, тура және жанама, сандық баға беру, дихотомикалық сұрақтар қолданылды. Барлық сұрақтар өзара логикалық жүйе бойынша орналастырылған.


Зерттеу нәтижелерін өңдеу, маңызды, қажетті жерлерін жіберіп алмау үшін тез арада жүргізілді. Дене тәрбиесі саласындағы зерттеу алдымен оқу-тәрбие үдерісін танып білуге байланысты. Оқушылардың қимыл-қозғалыс белсенділіктеріне әсер ететін жалпы факторлардың сипатына, деңгейіне олардың спорттағы жетістіктері, сабақтағы үлгерімдері түріндегі педагогикалық әсер куә болады. Ал, педагогикалық әсер сапалық және сандық көрсеткіштермен сипатталады. Сапалық көрсеткіштердің маңызын, сандық көрсеткіштермен толықтырмай дене тәрбиесіндегі заңдылықтарды ашу мүмкін емес. Сондықтан, анкета жүргізу нәтижесінде алынған көрсеткіштерге сандық талдау жасау үшін математикалық статистика қолданылды. Бұл жерде, статистикаға «тандалған

жиынтықтағы» респонденттердің арасындағы белгілі бір сипаттағы нысандардың сандық көрсеткіштері жатады [4, б. 160-162]

Нәтижелер. Елдің жоғарғы деңгейдегі экономикалық әл-ауқаты, өзінен өзі оның дене мәдениеті және спорттағы басымдылығына кепілдік бере алмайтыны белгілі. Көп нәрсе осы саладағы нақтылығы бар экономикалық, әлеуметтік мүмкіншіліктер, яғни сыртқы факторлардың қалай қолданылатына тәуелді болады. Қоғамда мектептердің материалды – техникалық жағдайлары,

әсіресе ауыл мен қала мектептерінің арасындағы «теңсіздік», ресми деңгейлерде қызу талданып жүр. Осы «теңсіздіктің» әсерінен білім сапасында көк пен жердей айырмашылықтар бар екені анық. Жинақталған ғылыми фактілер осы ресми ақпараттар мен қоғамдағы, оның ішінде білім беру ұжымдарындағы бейресми ақпараттар төңірегінде болмақ.


Зерттеу мақсатына сай анкета жүргізудің бірінші сұрағы «Сіз қандай мектепті бітірдіңіз?», – болды (1-сурет).



1-сурет – Мектеп түрлері

Мектеп қабырғасында білім алу кезеңінде дене шынықтыруға және спортқа қатысын анықтау, әлеуметтік ортаның стихиялық әсерінің қатысушыларға әсер ету факторын


талдау мақсатында болды. Өйткені аталған фактор оқушыны биологиялық үлгіден мәдени әлеуметтік тұлғаға айналдыратыны белгілі (2-сурет).



2-сурет – Мектеп жасындағы дене шынықтыру және спортқа қатысы

Оқыған мектебіндегі дене шынықтыру сабағын, спорт секцияларының жұмысын және мектептің спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілуін бағалау


спорттағы жетістіктерге әсер етуші сыртқы факторлар есебінде зерттеуге қосылған болатын. Нәтижесі үшінші суретте көрсетілген (3-сурет).



3-сурет – Спорттағы жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторлер

Келесі зерттеу «таңдалған жиынтық» бойынша бірінші курс студентінің осыған дейін мектеп қабырғасында білім алу

кезінде ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысуы туралы еді (4-сурет).



4-сурет – Ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысу көрсеткіштері

Зерттеудің екінші кезеңі университеттің бірінші курсында білім алу үдерісіне байланысты болды. Дене тәрбиесі бірінші және екінші курстарда сабақ кестесі бойынша аптасына екі рет міндетті сабақ


түрінде жүргізіледі де, жетістіктері аралық және қорытынды аралық бақылау түрінде анықталынады. Зерттеуге қажетті болған сұрақтарға жауаптар бірінші кестеде көрсетілген (1 кесте).

1 кесте – Дене тәрбиесі сабағына қатысу және нормативтерді тапсыру көрсеткіштер

Анкета жүргізу сұрақтары:	абс	%
1. Университетте дене шынықтыру сабағына қалай қатысасыз?		
а) Сабақты жібермеймін	279	93,0
б) Кейде сабақтан қаламын	16	5,7
с) Денсаулыққа байланысты босатылғанмын	4	1,3
2. Студенттерге арналған спорттық нормативтерді қалай тапсырасыз?		
а) Қиындықсыз тапсырамын	224	74,7
б) Қиындықтар бар	72	24,0
с) Тапсыру мүмкін емес	4	1,3

Спортпен айналысу үдерісінде және соның нәтижесінде қол жеткізілетін ағзаның жоғарылаған деңгейдегі функционалдық мүмкіншіліктері және сонымен қатар құрылатын қозғалыс ептілігі мен дағдысының қоры көптеген жағдайларда адам-


ның өмірге және кәсіби қызметіне дайындығын тездетеді. Осы ілім негізінде анықтауға қажетті нәтижелер бесінші суретте екі кезеңді (мектеп және жоғарғы оқу орыны) салыстыру түрінде берілді (5-сурет).



5-сурет – Мектеп жасы және студенттік кездегі спорттық жарыстарға қатысу

Дене шынықтыру сабағының университетте оқудағы жетістіктерге ықпал етуі және тұлғаның

кәсіби білім алудағы мүмкіншіліктерін анықтау көрсеткіштері 6-суретте берілген.



6-сурет – Дене тәрбиесі және спорттың университетте оқудағы жетістіктерге ықпал ету көрсеткіштері

Өткен уақытқа үңілу, талдау болашақты болжау мен жоспарлау үшін қажет. Әсіресе 18-21 жастағы студенттік шақтар өз өмірін саналы түрде жоспарлаудың шарықтап тұрған кезі.

Осыған орай, анкетаның соңғы сұрағы «Егер уақыт 10 жылға кейін қайтарылса спортқа деген көзқарастары қалай өзгеретіні» туралы болды (7-сурет).



7-сурет – Спортқа көзқарастарының өзгеру көрсеткіштері

Талқылау. Осыдан екі жыл бұрын, 2022 жылдың қарашасында Маңғыстау облысының жұртшылығымен кездесуде Президент Қ. Тоқаев «Аймақта қала мен ауылдың арасындағы білім сапасында маңызды алшақтық бар. Бұған жол беруге болмайды», - деген еді. [5]. Бұл күйді Қазақстанның барлық аймақтары кешіп отырғаны қоғамда белгілі. Қазақ білім беру сарапшылары лигасының Президенті Гульнар Абишеваның пікірі бойынша: «...бүгінде қала мен ауылдың балалары арасындағы теңсіздікті бүкіл ел мойындауы керек: біз қала мектептеріне жасаған жақсы жағдайды ауыл балалары үшін жасай алмай отырмыз». Мамандардың пікірі бойынша қазіргі күні бірнеше мәселелердің ішінде ауыл мектептерінде ең өткір тұрғандары: а) білікті мамандардың жоқтығы және барларының кәсіби қажуы; ә) сабақ өткізуге қажетті жабдықтардың болмауы; б) ауыл балаларының оқуға, спортқа деген уақыттарын болдырмайтын шаруашылық жұмыстарына жегу. Айта кету керек, 2022/23 оқу жылында Қазақстанда 7 687 мектеп жұмыс істеген. Оның 31,6 % қалалық жерде орналасса, 68,4 % ауылдық мектептер [6-8].

Осы мектеп түрлері мен үлгілері арасынан «таңдалған жиынтық» бойынша жасақталған респонденттердің 75 % ауыл мектептерін, ал 25 % аудан және қала мектептерін бітіріп «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша университетке оқуға түскен. Алынған пайыз қала мен ауыл балаларының білім сапасындағы, оның ішінде, зерттеуге қажетті дене тәрбиесі және спорттағы «теңсіздіктерді» анықтау үшін жеткілікті болды (1-сурет).

Зерттеуші В.Г. Шильконың пайымдамасы бойынша «Адамның қоғамдағы дене және рухани даму үдерісі екі факторлы күрделі құрылымнан тұрады. Солардың біріншісі, әлеуметтік ортаның стихиялық әсеріне жататын еңбек ету және тынығу ортасы мен тұрмыс жағдайларының адамға әсер ету қарқыны. Аталған факторлар оқушыны биологиялық үлгіден мәдени әлеуметтік тұлғаға айналдырады» [9]. Ауыл мектептерінің айырмашылығына берілген теория бойынша салыстырмалы талдау жүргізілген еді.

Мектеп спорты дене тәрбиесінде өте маңызды роль атқарады. Бұл жерде ол спорттық іс әрекетке байланысты мамандандырылған дене тәрбиесі үдерісі түрінде қарастырылады. Бұл үдерісте белсенділік, тұрақтылық, қызығушылық негізінде ұйымдастыру деңгейі, спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі, жүйенің болуы және маман бапкер-ұстаздың кәсіби деңгейіне т.б. байланысты болады. Олар спорт ілімінде «әсер етуші сыртқы факторлар», деп аталады. Респондент болған студенттердің 30,6 % мектеп жасында спорт үйірмесінде айналысса, олардың

37,3 %, ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысқан. Демек, спортшылар мен спорттық жарысқа қатысушылардың арасындағы көрсеткіштерде сәйкестік жоқ. Бұл көрсеткіш аталған жарыстарға кейбір балалар дайындықсыз баратынын білдіреді. Бұл фактордың спорттағы белсенділікке және жетістікке кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Дегенменде, егер 2010 жылғы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстанда нашақорлықтың алдын алу бойынша берілген ақпаратында Республикада оқушылардың жалпы санының 19,1 % спорттық дамумен қамтылған [10]. Сондықтан алынған отыз пайыздық көрсеткіш, жиырма бес жыл ішінде дене тәрбиесі және спорт саласындағы қол жеткен жоғарғы жетістік деп айтуға болады (2, 4-сурет). Көңіл бөлуге лайықты тағы бір ақпарат, ол 56,0 % студенттер өз беттерінше дене жаттығуларын жасайтынын көрсеткен. Бірақ, дене тәрбиесінің бұл қалпында жүйелілік, үзіліссіздік, денеге салатын жүктемені өсіру әдістемелік қағидалары сақталмағаннан кейін тиімділігі өте төмен болатынын дене тәрбиесі және спорт іліміне сүйене отырып айтуға болады.

Дене мәдениетінің моделін әлеуметтік талдауда адам денесінің құндылықтарын іске асыру саласы маңызды бағыт болып саналады. Сала бойынша бірінші орында дене мәдениеті және спорттың инфрақұрылымдары тұр. Оларды арнайы спорт залдар мен дене жаттығуларымен айналысуға қажетті спорттық инвентарьлар құрайды [9, б. 120]. Осыған орай, спорттағы нәтижеге әсер етуші зерттелген сыртқы факторлардың ішінде: мектептегі дене тәрбиесі сабағы және спорт үйірмелерінің сапалық деңгейі, спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі, дене тәрбиесі мұғалімінің жұмыс сапасы көрсеткіштері бір блокта факторлық талдауға алынды (3-сурет). Гистограммада көрініп тұрған «мектептің дене шынықтыру мұғалімінің жұмысын» 56,0 % респондент «өте жақсы» деп бағалайды, ал мұғалімнің тікелей кәсіби қызметін құрайтын «сабақтардың сапалық деңгейі» және «сабақты жабдықтау» ол көрсеткіштен анағұрлым төмен 48,0 % және 34,7 %, сәйкесті. Осы алынған фактілер негізінде, бұл сәйкессіздікті дене тәрбиесі сабақтары мен спорттық дайындықтардың жоғарғы сапасы мұғалім жұмысына ғана емес, олар қарым - қатынаста болатын басқа да әлеуметтік құбылыстарға байланысты екенін айту керек. Бұл мектептерді жабдықтаудағы қала мен ауылдың арасындағы «теңсіздіктен» туындаған нәтиже [6].

Спортшыны дайындау барлық факторлардың жиынтығын (дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін сонымен бірге ұйымдастыру жағдайларын жасау) мақсатты пайдалану түрінде қарастырылатыны

теориядан белгілі [3, б. 142]. Төртінші суретте ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысуы туралы көрсеткіштер берілген (4-сурет).

Студенттердің дене тәрбиесіндегі және спорттағы нәтиже осы жүйедегі көптеген ерекшеліктер қатарын тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты. Өз денсаулықтарын сақтау және нығайтуда, мотивтер мен құндылықтарды қалыптастыруда арнайы қалыптарды, дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін қолдану осы ерекшеліктер қатарын құрайды [8]. Педагогикалық көзқараспен қарағанда спорттағы жетістіктерге ұмтылыс арқылы қоғамға қажетті жоғарғы деңгейде дамыған, өмірлік қажеттілігі мол дене және психикалық қабілеттер, мықты денсаулық, жоғарғы жалпы еңбекке жарамдылыққа жету қамтамасыз етіледі. Дегеніменде, 13,3 пайыздық студенттердің жарысқа қатысу көрсеткіші мектеп жасындағы 37,3 пайыздық көрсеткіштен шамамен үш есеге азайған (5-сурет).

Спорттық секцияларда шұғылдану жас айырмашылықтарына байланысты бәріне бірдей болмайды. Оларды дене тәрбиесі жүйесінің белгілі бір ұйымдастыру бөлімдерінде қолдануға байланысты айырмашылықтары бар. Дене тәрбиесі міндетті курс ауқымында мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жалпы ресми жоспармен және бәріне бірдей оқу бағдарламасымен құрылған біркелкі сабақ кестесімен реттелген [11]. Бірақ, кәсіби мамандыққа дайындауға: ықпал етеді - 60,0 %, ықпал етпейді - 16,0 %, аздап ықпал етеді - 24,0 %. Яғни, 84,0 % студент-респонденттер білім мен тәрбие жүйесінде, сонымен бірге өзін-өзі тәрбиелеуде спорттың еңбекке дайындауда қолданбалы маңызы бар екендігімен келіседі. Спортпен айналысу барысында қол жететін ағзаның жоғарғы функционалдық деңгейі, бірге жасалынатын пайдалы қимыл – қозғалыс қабілеті мен дағдысы кәсіби еңбек іс әрекеттерін жылдам меңгеруді, еңбек ету саласында жетілуді нақтылайды [12].

Қорытынды.

1. Мамандардың тұжырымы бойынша респонденттердің 75,0 % оқыған ауыл мектептерінде

білікті мамандардың жоқтығы және барларының кәсіби қажуы, сабақ өткізуге қажетті жабдықтардың болмауы, ауыл балаларының оқуға, спортқа арнаған уақыттарын болдырмайтын үй және ауылшаруашылық жұмыстарына жегу фактілері жиі кездеседі.

2. Тақырып міндеттеріне сай жинақталған жазбаша ақпараттар бойынша 90,7 % анкетаға қатысушы дене тәрбиесі маманы – мұғалімге «өте жақсы» және «жақсы» деген баға береді. Бұл жерде жоғарғы баға мұғалімнің кәсіби біліктілігі емес адами тұлғасына берілген болуы мүмкін. Өйткені респонденттер дене тәрбиесі сабағы мен спорттық үйірме жұмыстарына анақұрлым төмен баға береді – 89,3 % және 82,7 %, сәйкесті. Ал спорттық жарыстарға 62,7 % жауап бергендер мүлдем қатыспаған.

3. Ауыл балаларының оқуға, спортқа арнаған уақыттарына кедергіні, жасалған жағдайларды және спорттағы белсенділіктерін анықтау барысында 37,3 % ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысқаны туралы айтса, 76,0 % «Егер уақыт 10 жылға кейін қайтарылса спортпен айналысуды бастар едім», деп жауап берген. Спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілуді 72,0 % респондент «жақсы» және «қанағаттандырылдыққа» бағалады. Бұл көрсеткіш қала мектептерінде 82,6 % құрайды.

4. Мотивтер мен құндылықтарды қалыптастыру арнайы ұйымдастыру қалыптарын, дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін қолдану факторларына тікелей байланысты екені анықталды. Дене тәрбиесі сабағына қатысу мен бағдарламалық нормативтерді тапсыру жоғарғы бағаланды 93,0 % және 74,7 %, сәйкесті. Дегенменде, жауап бергендердің ¼ нормативтерді тапсыруда қиындықтармен кездеседі. Бұл, дене тәрбиесі сабағында студенттерді нормативтерді тапсыруға дайындауда тиімділік төмен екендігіне байланысты болуы мүмкін, немесе сынақтар студенттің жеке қабілетіне сәйкес келмейді. Спорттың ағзаны жоғарғы функционалдық деңгейге жеткізу және пайдалы қимыл – қозғалыс қабілеті мен дағдысын кәсіби еңбек іс әрекеттерін жылдам меңгерудегі әсерін біле отырып 86,7% респондент үшін спорттың бұл әсері қолданылмайтыны анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (қолданылған күні: 10.09.2024).
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251> (қолданылған күні: 20.09.2024).
3. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры: учеб. для ин-тов физ. культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991. – 543 с.

- 4 Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании (Пособие для студентов, аспирантов и преподавателей ин-тов физ. Культуры). — Москва: Физкультура и спорт, 1978. — 222 с.
- 5 Президент Казахстана: «В Мангистауской области наблюдается острый дефицит детских садов и школ». - Текст: электронный // Новости Актау и Мангыстау. — URL: <https://www.lada.kz/society/society/106030-prezident-kazahstana-v-mangistauskoy-oblasti-nablyudaetsya-ostriy-deficit-detskih-sadov-i-shkol.html> (қолданылған күні: 10.09.2024).
- 6 Разрыв между городскими и сельскими школами в Казахстане: почему проблема до сих пор не решена. - Текст: электронный // Караван, Медиалпортал. — URL: <https://www.caravan.kz/news/razryv-mezhdu-gorodskimi-i-selskimi-shkolami-v-kazahstane-pochemu-problema-do-sikh-por-ne-reshena-891101/> (қолданылған күні: 06.11.2024).
- 7 Сельских школ становится меньше в Казахстане. — Текст: электронный // LITER.- URL: <https://liter.kz/selskikh-shkol-stanovitsia-menshe-v-kazahstane-1685598609/> (қолданылған күні: 17.11.2024).
- 8 Участь сельских школ в Казахстане: что нужно менять в системе образования? - Текст: электронный // Орда. Кз. - URL: <https://orda.kz/uchast-selskih-shkol-v-kazahstane-chto-nuzhno-menjat-v-sisteme-obrazovaniya-379157/?ysclid=m82hhfn266311333287> (қолданылған күні: 06.12.2024).
- 9 Шилько В.Г. Социология физической культуры и спорта: учеб. пособие. — Томск: Издательский Дом Томского университета, 2018. — 416 с.
- 10 В Казахстане охват спортивным развитием школьников составляет 19,1% - МОН. - Текст: электронный // Kazakhstan Today. — URL: https://www.kt.kz/rus/society/v_kazahstane_ohvat_sportivnim_razvitiem_shkolnikov_sostavljaet_19_1_mon_1153522985.html (қолданылған күні: 10.09.2024).
- 11 Ямалетдинова Г.А. Педагогика физической культуры и спорта: курс лекций: учеб. пособие. - М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург: Издво Урал. ун-та, 2014. — 244 с.
- 12 Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — изд. 2-е, перер. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2003 - 450 с.

References

- 1 Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn 2024 zhylygy 2 kyrkyjektegi Kazakstan halkyna Zholdaуy «Adilet Kazakstan: zan men tartip, jekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (koldanylgan kuni: 10.09.2024).
- 2 Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 251 kaulysy «Kazakstan Respublikasynyn dene shynykytyru men sport salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251> (koldanylgan kuni: 20.09.2024).
- 3 Matveev L.P. Teorija i metodika fizicheskoy kul'tury: ucheb. dlja in-tov fiz. kul'tury. — M.: Fizkul'tura i sport, 1991. — 543 s.
- 4 Ashmarin B.A. Teorija i metodika pedagogicheskikh issledovanij v fizicheskom vospitanii (Posobie dlja studentov, aspirantov i prepodavatelej in-tov fiz. Kul'tury). — Moskva: Fizkul'tura i sport, 1978. — 222 s.
- 5 Prezident Kazahstana: «V Mangistauskoy oblasti nablyudaetsja ostriy deficit detskih sadov i shkol». — Tekst: jelektronnyj // Novosti Aktau i Mangystau. — URL: <https://www.lada.kz/society/society/106030-prezident-kazahstana-v-mangistauskoy-oblasti-nablyudaetsya-ostriy-deficit-detskih-sadov-i-shkol.html> (koldanylgan kuni: 10.09.2024).
- 6 Razryv mezhdu gorodskimi i sel'skimi shkolami v Kazahstane: pochemu problema do sih por ne reshena. — Tekst: jelektronnyj // Karavan, Mediaportal. — URL: <https://www.caravan.kz/news/razryv-mezhdu-gorodskimi-i-selskimi-shkolami-v-kazahstane-pochemu-problema-do-sikh-por-ne-reshena-891101/> (koldanylgan kuni: 06.11.2024).
- 7 Sel'skih shkol stanovitsja men'she v Kazahstane. — Tekst: jelektronnyj // LITER. — URL: <https://liter.kz/selskikh-shkol-stanovitsia-menshe-v-kazahstane-1685598609/> (koldanylgan kuni: 17.11.2024).
- 8 Uchast' sel'skih shkol v Kazahstane: chto nuzhno menjat' v sisteme obrazovaniya? — Tekst: jelektronnyj // Orda. Kz. — URL: <https://orda.kz/uchast-selskih-shkol-v-kazahstane-chto-nuzhno-menjat-v-sisteme-obrazovaniya-379157/?ysclid=m82hhfn266311333287> (koldanylgan kuni: 06.12.2024).
- 9 Shil'ko V.G. Sociologija fizicheskoy kul'tury i sporta: ucheb. posobie. — Tomsk: Izdatel'skij Dom Tomskogo universiteta, 2018. — 416 s.
- 10 V Kazahstane ohvat sportivnym razvitiem shkol'nikov sostavljaet 19,1% — MON. — Tekst: jelektronnyj // Kazakhstan Today. — URL: https://www.kt.kz/rus/society/v_kazahstane_ohvat_sportivnim_razvitiem_shkolnikov_sostavljaet_19_1_mon_1153522985.html (koldanylgan kuni: 10.09.2024).
- 11 Jamaletdinova G.A. Pedagogika fizicheskoy kul'tury i sporta: kurs lekcij: ucheb. posobie. — M-vo obrazovaniya i nauki Ros. Federacii, Ural. feder. un-t. — Ekaterinburg: Izd vo Ural. un-ta, 2014. — 244 s.
- 12 Holodov Zh.K., Kuznecov B.C. Teorija i metodika fizicheskogo vospitanija i sporta: ucheb. posobie dlja stud. vyssh. ucheb. zavedenij. — izd. 2-e, perer. i dop. — M.: Izdatel'skij centr «Akademija», 2003 — 450 s.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Түлегенов Шахарбек Түлегенович — педагогика ғылымдарының кандидаты, КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті», Көкшетау, Қазақстан, e-mail: shakharbek@ inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016	Түлегенов Шахарбек Түлегенович — кандидат педагогических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Кокшетау, Казахстан, e-mail: shakharbek@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016	Tulegenov Shaharbek Tulegenovich — candidate of pedagogical sciences, NJSC “Kokshetau University named after. Sh. Ualikhanov”, Kokshetau, Kazakhstan., e-mail: shakharbek@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016

СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУДЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА
СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ

THEORY AND METHODOLOGY
OF ATHLETIC TRAINING



¹Айтпанбет А.А.^а^{id}, ²Отаралы С.Ж., ³Сапар Е.Т., ¹Шанкулов Е.Т.,
⁴Бубеев А.К.

¹Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан

²Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан

⁴Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА СПОРТСМЕНОВ, СПЕЦИАЛИЗИРУЮЩИХСЯ В ГРЕКО-РИМСКОЙ БОРЬБЕ

Айтпанбет Аманжол Айтпанбетұлы, Отаралы Светлана Жубатыровна, Сапар Ерболат
Тазабекұлы, Шанкулов Ерлан Тулеубаевич, Бубеев Адлет Кундызбекович

Физическая подготовка спортсменов, специализирующихся в греко-римской борьбе

Аннотация. В статье рассматриваются особенности физической подготовки спортсменов, специализирующихся в греко-римской борьбе. Выделены ключевые показатели, влияющие на результативность тренировочного процесса, включая развитие выносливости, гибкости, скоростно-силовых способностей. Использование предложенных тестов позволило оценить уровень развития физических качеств испытуемых. В исследовании применялись следующие тесты: бег на 100 метров, сгибание и разгибание рук в упоре лежа, подтягивания в висе на перекладине, поднимание туловища из положения лёжа на спине, а также прыжок в длину с места способом «согнув ноги». Для определения уровня развития специальных физических способностей целесообразно применять упражнения из обязательной технической программы борцов: из исходного положения стойки вставание на мост, выход с моста в сторону и возвращение в исходное положение (5 раз); забегание на мосту – 5 вправо, 5 – влево и 15 вправо, 15 – влево; повороты на мосту (15 раз). Результаты исследования могут быть использованы тренерами и специалистами в области спортивной подготовки для оптимизации тренировочных программ.

Ключевые слова: физическая подготовка, греко-римская борьба, упражнение, физические качества, развитие, спортсмен.

Aitpanbet Amanzhol, Otaryaly Svetlana, Sapar Yerbolat, Shankulov Yerlan, Bubeev Adlet

Physical training of athletes specializing in Greco-Roman wrestling

Abstract. The article discusses the features of physical training of athletes specializing in Greco-Roman wrestling. The key indicators influencing the effectiveness of the training process are highlighted, including the development of endurance, flexibility, speed and strength abilities. The use of the proposed tests made it possible to estimate the level of development of the physical qualities of the subjects. The following tests were used in the study: running for 100 meters, bending and stretching arms while lying down, pull-ups in a horizontal position on a crossbar, lifting the body from the position of lying on the back, as well as a long jump from a place using the «bent legs» method. In order to identify the level of development of special physical abilities, it is advisable to use exercises of the mandatory technical program of wrestlers: standing up on the bridge from the starting position, leaving the bridge to the side and returning to the starting position (5 times); running on the bridge – 5 to the right, 5 to the left and 15 to the right, 15 to the left; turns on the bridge (15 times). The results of the study can be used by coaches and specialists in the field of sports training to optimize training programs.

Key words: physical training, Greco-Roman wrestling, exercise, physical qualities, development, athlete.

Айтпанбет Аманжол Айтпанбетұлы, Отаралы Светлана Жубатыровна, Сапар Ерболат
Тазабекұлы, Шанкулов Ерлан Тулеубаевич, Бубеев Адлет Кундызбекович

Грек-рим күресінен мамандандырылған спортшылардың дене даярлығы

Аңдатпа. Мақалада грек-рим күресінде мамандандырылған спортшылардың дене шынықтыру ерекшеліктері қарастырылады. Төзімділікті, икемділікті, жылдамдық-күш қабілеттерін дамытуды қоса алғанда, оқу процесінің нәтижелілігіне әсер ететін негізгі көрсеткіштер бөлінді. Ұсынылған тесттерді қолдану зерттелушілердің дене қасиеттерінің даму деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Зерттеуде келесі сынақтар қолданылды: 100 метрге жүгіру, жатқан күйде тіреле қолды бүгу және жазу, шалқасынан жатып отыру, аспада ілінген күйде тартылу, денені «шалқасынан жату» күйінен көтеру, сондай-ақ «аяқтарын бүгу» тәсілімен орнынан ұзындыққа секіру» жаттығуы. Арнайы дене қабілеттердің даму деңгейін анықтау үшін балуандардың міндетті техникалық бағдарламасының жаттығуларын қолданған жөн: тіректің бастапқы күйінен көпірге тұру, көпірден бүйірге шығу және бастапқы қалыпқа оралу (5 рет); көпірде жүгіру – 5 оңға, 5 солға және 15 оңға, 15 солға; көпірде бұрылу (15 рет). Зерттеу нәтижелерін жаттықтырушылар мен спорт облысындағы дайындау мамандары жаттығу бағдарламаларын оңтайландыру үшін қолдана алады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, грек-рим күресі, жаттығу, дене қасиеттері, даму, спортшы.

Введение. Необходимость популяризации греко-римской борьбы и повышения зрелищности поединков побудила Международную федерацию спортивной борьбы (FILA) начать работу по внесению изменений в правила проведения соревнований и судейства [1]. Эти изменения требуют внедрения корректив в процесс подготовки спортсменов, в частности изменения соотношения видов подготовки: общей и специальной физической подготовки, технико-тактической, психологической и теоретической. В сложившихся обстоятельствах перед тренерским составом и спортсменами возникает необходимость решения проблемы приоритетности задач спортивной подготовки в греко-римской борьбе.

По мнению некоторых авторов, важную роль в повышении эффективности соревновательных поединков играет техническая подготовка, именно ей нужно уделять первоочередное внимание в подготовке борцов греко-римского стиля. Параллельно с этим нужно улучшать способность применять разученные двигательные действия в соответствии с меняющейся ситуацией. И, наконец, большую роль в спортивной подготовке играет формирование оптимальной психической устойчивости в условиях конкурентной борьбы и теоретическая подготовка атлетов [2, 3].

Несмотря на различия мнений относительно первоочередности решения задач подготовки борцов греко-римского стиля, большинство авторов единодушны в том, что недостаточный уровень общей и специальной физической подготовки может выступать в качестве лимитирующего фактора при выполнении технических приемов и действий [4, 5]. По мнению авторов, в современном спорте при прочих равных условиях превосходства на ковре может достичь спортсмен, обладающий наилучшей функциональной подготовленностью и способный реализовать технико-тактические действия в условиях нарастающего утомления [6, 7]. Авторы указывают не только на наличие взаимосвязи между используемым во время соревновательной схватки техническим арсеналом и тактической подготовкой, но и на связь между соревновательной эффективностью и физиологическими параметрами атлетов [8, 9]. Подчеркивая важность общей и специальной физической подготовки в обеспечении соревновательной эффективности борцов греко-римского стиля, многие авторы указывают на недостаточную освещенность проблем методологии совершенствования физических способностей атлетов на различных этапах подготовки.

Цель исследования – разработать и экспериментально обосновать эффективность методики

совершенствования скоростно-силовых способностей борцов греко-римского стиля на этапе спортивного совершенствования.

Задачи исследования:

- выявить наиболее значимые физические способности, определяющие соревновательную результативность борцов греко-римского стиля;
- разработать и экспериментально обосновать эффективность методики совершенствования скоростно-силовых способностей борцов греко-римского стиля на этапе спортивного совершенствования.

Материалы и методы. Для решения поставленных задач нами использовались следующие методы: обзор и анализ литературных источников, интервьюирование, педагогическое тестирование, педагогический эксперимент, методы математико-статистической обработки полученных результатов.

С целью выявления уровня развития и динамики общей и специальной физической подготовленности спортсменов, специализирующихся в греко-римской борьбе, дважды, в начале и конце педагогического эксперимента, во время учебно-тренировочных занятий проводилось педагогическое тестирование.

Для выявления отдельных сторон физической подготовленности атлетов нами использовались *следующие контрольные упражнения*: бег на дистанцию 100 м, подтягивание из положения «вис на перекладине», сгибание и разгибание рук из упора лежа. Фиксировалось максимально возможное количество выполнений упражнения. Для выявления уровня развития и динамики скоростно-силовых способностей юных атлетов нами использовались контрольные упражнения - сгибание и разгибание рук из положения «вис на перекладине» и поднимание туловища из положения «лежа на спине». Фиксировалось максимальное количество выполнения упражнений за 20 с. С этой же целью использовалось упражнение «прыжок в длину с места способом согнув ноги».

С целью выявления общей выносливости и аэробной производительности организма спортсменов нами был использован тест «бег на дистанцию 2000 м».

Для определения уровня развития специальных физических способностей нами использовались упражнения обязательной технической программы борцов: из исходного положения стойки вставание на мост, выход с моста в сторону и возвращение в исходное положение (5 раз); забегание на мосту – 5 вправо, 5 – влево и 15 вправо, 15 – влево; повороты на мосту (15 раз). Во всех упражнениях этой группы фиксировалось время в секундах.

С целью выявления, наиболее значимых физических способностей и разработки комплекса оценочных упражнений нами было проведено интервьюирование. Экспертам было предложено оценить в баллах и распределить по 4 уровням влияния факторы и способности, определяющие соревновательную эффективность борцов греко-римского стиля. При этом 4 балла присваивалось фактору, наиболее влияющему на результативность в спортивной борьбе, 0 баллов – фактору, не оказывающему никакого влияния на спортивный результат.

В интервьюировании принимали участие тренеры ($n=25$, возраст $46,2 \pm 3,4$ лет), имеющие стаж тренерской деятельности $15,9 \pm 3,6$ лет.

С целью выявления степени эффективности разработанной экспериментальной методики нами проведен педагогический эксперимент. В педагогическом эксперименте приняли участие спортсмены ($n=35$), специализирующиеся в греко-римской борьбе и имеющие спортивную квалификацию кандидатов в мастера спорта, в возрасте $15,2 \pm 2,3$ лет. Стаж занятий спортом составил $6,4 \pm 2,3$ лет. Распределение спортсменов по весовым категориям было следующее: до 44 кг – 10 атлетов; до 48 кг – 8; до 52 кг – 8; до 57 кг – 5; до 62 кг – 4 атлета.

Методом независимого случайного отбора спортсмены были разделены на 2 группы: контрольную ($n=18$) и экспериментальную ($n=17$).

Тренировочный процесс со спортсменами контрольной группы проводился по утвержденной тренерским составом методике.

Для спортсменов экспериментальной группы был разработан комплекс упражнений для развития скоростно-силовых способностей. Комплекс направлен для совершенствования способности к взрывным усилиям, способности мышц выполнять взрывные усилия в динамическом режиме и силовую выносливость основных мышечных групп.

Упражнения выполнялись сериями (от 6 до 9). Количество повторений каждого упражнения в одной серии – 6-9 раз. Между сериями спортсменам давалось время на отдых, продолжительностью 6-8 мин.

При реализации экспериментальной методики нами учитывались возрастные индивидуальные особенности функциональных возможностей юных спортсменов, особенности этапа подготовки. Вес отягощения в каждом упражнении подбирался индивидуально, однако общим правилом было то, что он не должен был существенно искажать технику выполнения упражнения и не приводил к замедлению скорости.

Основными методами развития скоростно-силовых способностей спортсменов экспериментальной группы был сопряженный метод, метод динамических усилий и вариативный метод. Примерный комплекс упражнений экспериментальной программы представлен в таблице 1.

Таблица 1 – Основные характеристики упражнений экспериментальной методики совершенствования скоростно-силовой подготовки борцов греко-римского стиля

